



АЙМАҚ ӨРКЕНДЕУІ ЖОЛЫНДАҒЫ АЙРЫҚША ҚАДАМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия және Әзербайжан мемлекеттері басшыларының бейресми Консультативтік кездесуіне қатысты.



Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде дәстүрге сай айрықша ықыласпен қарсы алғаны және бейресми кездесуді өткізу туралы бастама көтергені үшін Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа шынайы ризашылығын білдірді.

— Қырғыз халқы — қазақ халқы үшін бауырлас ел. Біз бәріміз — бір туған ағайын халықпыз. Біздің арамызда қалыптасқан достық, сенім, туысқандық және өзара қолдау — ата-бабамыздан өсиет болып қалған қасиетті аманат әрі мәңгі құндылық. Қазіргі таңда біз Қырғызстанның қарқынды дамуына куә болып отырмыз. Сіздер қол жеткізіп жатқан әр жетістікке шын жүректен қуанамыз. Қырғыз елінің өсіп-өркендеуі — Орталық Азияның тұрақтылығы мен баянды дамуының маңызды кепілі. Бұл құрметті Президент Садыр Нұрғожаұлы Жапаровтың табанды еңбегі мен көреген басшылығының арқасы екені сөзсіз, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі кездесу қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылауға, сан қырлы серіктестіктің алдағы басымдықтарын айқындауға мол мүмкіндік беретініне тоқталды.

— Барлық деңгейдегі байланыстың жандануы бауырлас халықтарымыздың игілігі мен тұтас аймақтың өркендеуі жолында мемлекеттеріміздің жасампаз ықпалдастыққа ортақ ұмтылысын айқын көрсетеді. Бұл орайда «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатындағы достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа» кол қою рәсімдерінің аяқталуы айтулы жетістік болды. Аталған тарихи құжат стратегия-

лық серіктестігіміздегі жаңа кезеңнің басталғанын айшықтайды. Өзара сенімге, құрметке және бауырлас халықтарымыздың болашағына деген ортақ жауапкершілікке негізделген өңірлік ынтымақтастықтың «саяси арқауын» қалыптастырады, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы осы маңызды Шартқа қосылғаны үшін Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке алғыс айтты.

— Келесі кезең аталған құжат ережелерін нақты іске асыру болуға тиіс деп санаймын. Осыған байланысты достық пен тату көршілікті одан әрі нығайтуға, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты бекемдеуге бағытталған ұзақмерзімді өзара ықпалдастығымыздың анық бағдарлары көрсетілген іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және қабылдауды ұсынамын. Өзара сенімнің нығаюы мен өңірлік ынтымақтастықтың қарқынды дамуының арқасында Орталық Азия жаңа тарихындағы аса табысты кезеңді бастан өткеріп жатыр деп нық сеніммен айтуға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Әзербайжанның Консультативтік кездесулердің толық мүшесі болуы бұл форматты нығайтудағы оң эволюцияның жаңа деңгейін көрсететінін мәлімдеді.

— Бірлескен күш-жігеріміз арқылы саяси диалогты одан әрі тереңдетуге, инвестиция, энергетика, өнеркәсіп салаларындағы қарым-қатынасты жандандыруға, бірыңғай көлік-логистика жүйесін қалыптастыруға қолайлы жағдай жасалуда. Соңғы жылдары өңіршілік сауда ұдайы өсіп, іскерлік

байланыс кенейе түсті. Бірлескен кәсіпорындар құрылып, ортақ инвестициялық жобалар іске асырылуда. Сонымен қатар гуманитарлық қарым-қатынас жандана түсті. Мәдениет, білім салаларындағы, жастар арасындағы ықпалдастықтың мазмұны байып келеді. Осы оң нәтижелердің барлығы бауырлас халықтарымызды одан әрі жақындатуға және аймақтың беделін нығайтуға ықпал етеді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық үдерістерде Орталық Азияның рөлі сенімді түрде артып, әлемдік аренадағы аймақтың үні айқын әрі салмақтырақ шыға бастады деп санайды.

— Бұған Қырғызстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде сайлануы (2027-2028 жылдарға) жарқын мысал бола алады. Орайлы сәтті пайдалана отырып Қырғыз Президенті құрметті Садыр Нұрғожаұлы Жапаровты және барша қырғыз халқын осы тарихи жетістікпен құттықтаймын, — деді Президент.

Мемлекет басшысы ықпалдастықтың барлық негізгі мәселесі былтыр Ташкентте өткен кездесуде егжей-тегжейлі талқыланып отырғанын атап өтті.


— Сол кезде айтылған бастамалар, соның ішінде Консультативтік кездесулерді институционалдық тұрғыдан дамыту мәселесі әлі де өзекті және оны іске асыру мақсатында бірлесе жұмыс істеуіміз қажет. Қазақстан қол жеткізген келісімдерге ынталы, елдеріміз арасындағы достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестікті нығайтуға бағытталған жасампаз бастамаларды одан әрі ілгерілетуді көздейді. Бірлескен күш-жігер арқылы ортақ прогресс жолында бұдан да биік белестерді бағындыратынымызға сенімдімін. Сөз соңында түрікмен дос-бауырларымызға Консультативтік кездесулер форматындағы алдағы іс-шараларды өткізуде табыс тілеймін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Орталық Азия және Әзербайжан мемлекеттері басшыларының бейресми Консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша Шолпан-Ата декларациясы қабылданды.



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Жапонияның Кумамото префектурасында болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көптеген азаматтың қаза табуына байланысты Премьер-министр Санаэ Такаичиге, жақындарынан айырылған отбасыларға және Жапония халқына көңіл айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қайтыс болған жандардың туыстарының сабырға келуіне, жаракат алған адамдардың тез арада сауығып кетуіне тілектестігін білдірді.

ҚАЛЫПТЫ ӘРІ ҚАУІПТІ ҚАРЫЗ



Қазақстанның жиынтық сыртқы қарызы 182 млрд доллар немесе 91 трлн теңгеден асты. Бұл — бір жылдық жалпы ішкі өнімнің шамамен 60 пайызына парапар сұрапыл сома. Былтыр республикалық бюджеттің таза кірісі 15 трлн теңге болған. Сонда мемлекет бір тиын жұмсамай, бүкіл табысын жаңағы борышты жабуға бағыттаса, одан құтылуға алты жыл кетеді екен. Бірақ мәселені жан-жақты қырынан талдасақ, қарыздың да түр-түрі барын түсінеміз.

→ 6

МАРАПАТ ДОНОРДЫҢ МЕРЕЙІН ӨСІРЕ МЕ?



Кейінгі 17 жылда донорларға арналған жеке марапат болмады, сол себепті еріктілер медицина қызметкерлері мен қоғам қайраткерлеріне арналған ортақ медициналық медальға ғана үміткер болып келді. Енді донорлардың еңбегі ескеріліп, қоғам үшін лайықты орынға ие болып, мәртебесі артты. «Құрметті донор» төсбелгісі — адамдардың өмірін сақтап қалуға тұрақты түрде үлес қосып жүрген донорлардың еңбегін мемлекеттік деңгейде мойындауға мүмкіндік беретін арнайы статус.

→ 9

САЯСАТ

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

КӨКШЕТАУДАҒЫ КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Кәсіпкерлерге арналған бірыңғай цифрлық платформа, колледждерге жасанды интеллект енгізу, коммуналдық желілерді жаңғырту және жаңа жұмыс орындарын ашу. Осы және өзге де ұсыныстар «Әділет» партиясы республикалық сайлауалды штабының ақмолалық тұрғындармен кездесуінде айтылды.



Көкшетауға партия Төрағасы Айбек Дәдебай мен Құрылтай депутатына кандидаттар барды. Олар Bolashaq сарайында бизнес өкілдерімен, білім беру саласының мамандарымен және жұртшылықпен кездесті.

Кездесуді қорытындылаған партия Төрағасы А.Дәдебай өңірлердегі кездесу қоғамның Мемлекет басшысының реформалары мен конституциялық өзгерістеріне қолдау білдіретінін айтты. Сондай-ақ партияның ауыл шаруашылығына қатысты ұсыныстарына тоқталды.

САЙЛАУШЫЛАРМЕН СҰХБАТТАСТЫ

ЖСДП сайлауалды науқаны аясында «Азаматтарды кибералаяқтықтан қорғау: кандидаттардың сайлаушылармен диалогы» тақырыбында сұхбат алаңын ұйымдастырды.

Онда заң қоғамдастығының өкілдері, интернет алаяқтардың әрекетінен зардап шеккен азаматтар, қоғамдық ұйымдар, партия активі, ЖСДП жақтаушылары, БАҚ және блогерлік қоғамдастық өкілдері бас қосты.

Бірлескен жұмыстың арқасында кибералаяқтардың әрекеттері салдарынан зардап шеккен 273 азамат үшін

зансыз ресімделген кредиттік міндеттемелерді есептен шығару туралы шешім қабылданды.

ЖСДП дербес деректерді қорғауды күшейтуді, киберкылмыстар үшін жауапкершілікті арттыруды, жәбірленушілерді қорғау тетіктерін жетілдіруді және халықтың қаржылық сауаттылығы бағдарламаларын дамытуды қолдайды.



«ЖАСЫЛ LRT ЖЕЛІСІН» ҚОЛДАДЫ

Партияның Астана қалалық филиалының төрағасы әрі Құрылтай депутаттығына кандидат Нариман Баубек бастаған топ «Бәйтерек» станциясы маңында жолаушылар мен қала тұрғындарына «Байтақ» логотипі жазылған жасыл шарларды таратты.



Акция аясында республикалық штаб өкілдері LRT-ны 100 пайыз қолдап қана қоймай, бірегей тәжірибені өзге өңірлерге де енгізу қажет екенін айтты. «Байтақ» партиясының өкілдері экологиялық

таза көлікті дамыту тұрақты қалалық ортаны қалыптастырудың, парникті газ қалдықтарын азайтудың және халықтың өмір сүру сапасын арттырудың негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті.

ЕРЛІКТІ ҰЛЫҚТАУ – ПАРЫЗ

Қазақстан Халық партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлердің тағдырын анықтаумен айналысатын «Мемориалдық аймақ» қоғамдық бірлестігімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Партияның орталық кеңсесінде құжатқа төраға Н.Шоканов пен қоғамдық бірлестік жетекшісі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың профессоры М.Құсайынов қол қойды. Келісім іздестіру экспедицияларына қолдау көрсетуге, архивтік жұмыстарға қатысуға және тарихи мұ-

раны сақтауға бағытталған бірлескен жобаларды жүзеге асыруға арналған.

Майдан даласында қаза тапқандарды, еліміздің бейбіт өмірі үшін жанын қиған ерлерді ұмытпай, олардың ерлігін ұлықтау — әрбір қазақстандықтың қасиетті парызы.



САЯСАТ

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

АВТОЖОЛ ЖҰМЫСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданына сапары аясында «Ауыл» партиясынан Құрылтай депутаттығына кандидат Қажғалей Мұқатов республикалық маңызы бар Атырау – Орал автожолының Тайпақ ауылы тұсындағы құрылыс жұмыстарының барысымен танысып, жол құрылысында еңбек етіп жүрген жұмысшылармен кездесті.

Кездесу барысында кандидат «Ауыл» партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтарын, «Қуатты өңірлер – қуатты орталық!» ұстанымын таныстырды.



Бағдарламада қамтылған өңірлік инфрақұрылымды дамыту, сапалы автомобиль жолдарын салу мен жөндеу, ауыл тұрғындарының өмір сүру

сапасын арттыру, еңбек адамдарының құқықтары мен әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытындағы бастамалар кеңінен айтылды.

ЖАМБЫЛДА АКЦИЯ ӨТКІЗДІ

«Ақ жол» Демократиялық партиясының Жамбыл облыстық сайлауалды штабының мүшесі, Құрылтай депутаттығына кандидат Дәурен Ахметжаев, штаб мүшесі, партияның Жамбыл облыстық филиалының Жастар қанатының жетекшісі Қадыржан Есенов бастаған ерікті жастар Тараз қаласындағы Б.Момышұлы атындағы Жеңіс саябағында «Өзгерісті «Ақ жолмен» бірге баста!» атты акция ұйымдастырды.



Дәурен Хайруллаұлы саябақта сөйлеп жүрген жастарға, тұрғындарға «Ақ жол» Демократиялық партиясының сайлауалды бағдарламасының

бағыттарын атап өтіп, 23 тамыз күні Құрылтай сайлауында азаматтық белсенділік танытып, өзгерісті «Ақ жолмен» бірге бастауға шақырды.

АСТАНАДАҒЫ АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Respublica партиясы ReBus ақпараттық-ойын-сауық жобасы аясында кабинеттен шығып, әуенін қосып, халықтың арасына келді.

Екі қабатты автобус бірнеше сағат бойы Астананың басты көшелері мен көрікті орындарын аралап, әуен мен еркін әнгімені, көтеріңкі көңіл күй мен ашық диалогты тоғыстырған өзгеше қалалық атмосфера сыйлады. Бұл — ресмиліктен ада, адамдарды жақындатырған шынайы қалалық диалог болды.

Respublica елдің болашағы идеясы бар, жігері бар, өзгеріс жасауға дайын азаматтардың қолымен қалыптасатынына сенеді. Ал ол үшін қалыптасқан шеңберден шығып, халыққа бір қадам жақындау қажет.



Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов Қаржы, Ұлттық экономика министрліктері және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басшылығының қатысуымен кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ МАҢЫЗДЫ



Жиында кәсіпкерлік саласындағы қазіргі жағдай, салық реформасының алдын ала нәтижелері және бизнес субъектілерінің қызметін әділ реттеуді қамтамасыз ету шаралары қаралды. Сондай-ақ іскерлік белсенділікке, салалық және өңірлік көрсеткіштерге назар аударылды.

Қаржы министрі Мәди Такиевтің баяндауынша, I жартыжылдық қорытындысы бойынша республикалық бюджетке корпоративтік табыс салығынан түсетін түсімдер 15,7%-ға артқан. Салалар арасында он серпін, әсіресе қаржы секторында және өңдеу өнеркәсібінде байқалады.

Сондай-ақ бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша шағын және орта бизнес субъектілерінің саны шамамен 550 мыңға артты. Қаржы министрлігінің деректеріне сәйкес, бұл көрсеткіш өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың қызметін заңдастыру жұмыстарының нәтижесінде қалыптасты. Бұл ретте өзін-өзі жұмыспен қамтығандар тек әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыра отырып, салық төлеуден босатылады. Сонымен қатар жалданбалы жұмыскерлері жоқ 260 мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектісі өз қызметін тоқтатқан, бұл бизнестің жасанды түрде «бөлшектеу» тәжірибесінің айтарлықтай қысқарғанын көрсетеді.

Сонымен қатар Салық кодексіне енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді төлеу шегі 325 мың АЕК-тен (1,4 млрд теңге) 600 мың АЕК-ке (2,6 млрд теңге) дейін көтерілді. Нәтижесінде, жаңа талаптарға сәйкес келетін кәсіпорындар корпоративтік табыс салығы бойынша түпкілікті есеп айырысуды жылына бір рет жүргізеді. Осыған байланысты 2026 жылдың қорытындысы бойынша түсетін тиісті түсімдер 2027 жылдың бюджетінде көрсетіледі (бұған дейін олар есепті жыл ішінде ай сайын түсіп отырған). Бұл бизнеске есептілік көлемін қысқартуға және айналым қаражатын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

«Атамекен» ҰКП төрағасы Канат Шарлапаев бизнеске қатысты бірқатар мәселені көтеріп, іскер қоғамдастық атынан ұсыныстар айтты. Сондай-ақ ұлттық экономика бірінші вице-министрі Азамат Әмрин пікір білдірді.

Талқылау қорытындысы бойынша Олжас Бектенов экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету жөніндегі ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекет пен бизнес арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында ынтымақтастықты жалғастыруды тапсырды. Қаржы және Ұлттық экономика министрліктеріне «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, кәсіпкерлік сектордың жай-күйіне салалық және өңірлік бөліністе кешенді талдауды ай сайын жүргізіп, оның нәтижелері бойынша тиісті ақпаратты енгізіп отыру тапсырылды.

БАҒДАР

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ



АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – АТА-АНА ҚОЛЫНДА

«Қауіпсіз терезе» жай ғана акция емес, бұл – жанайқай. Қарағанды облысында осы жылдың басынан бергі жеті айда 29 бала терезеден құлаған. Жанға дөт беретіні балалар аман. Ал 2025 жылы 27 бала терезеден құлап, үшеуі жазым болды. Қалған жағдайларда балалар түрлі дәрежеде ауыр жарақаттар алды. Қайғылы оқиғалардың негізгі себептері – балалардың ересектердің қарауынсыз қалуы және терезелерде қауіпсіздік құралдарының болмауы.



**Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**
Қарағанды облысы

Мақаламызды мысалмен бастайық. Қарағанды мен Теміртауда көпқабатты үйлердің терезелерінен балалардың құлауының екі жағдайы тіркелді. Екі бала да ауруханаға жатқызылды. Бірінші оқиға 18 шілдеде Қарағандыда болды. 12-ші шағын аудан, 30 мекенжайындағы үйде бес қабатты үйдің екінші қабатындағы пәтердің терезесінен бес жасар қыз құлап түсті. Төтенше жағдайлар департаментінің хабарлауынша, оқиға болған кезде баланы көрші бөлмеде болған әпкесі бақылап отырған. Құлаған қыз жарақат алып, облыстық балалар клиникалық ауруханасына жеткізілді. Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасының хабарлауынша, қазір бала ауыр жағдайда.

19 шілде Теміртауда да осындай жағдай. 7-ші шағын аудан, 23 мекенжайындағы үйде үшінші қабаттағы пәтердің терезесінен екі жасар бала құлады. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, баланың жағдайы тұрақты деп бағаланады.

– Осыған байланысты облыс аумағында «Қауіпсіз терезе» акпараттық-профилактикалық акциясы жүйелі түрде жүргізілуде. Шараның негізгі мақсаты – ата-аналар мен тұрғындарға балалар қауіпсіздігі туралы түсіндіру жұмыстарын күшейту, қайғылы жағдайлардың алдын алу. Акция аясында Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті мамандары жаңа әрі тиімді тәсілдерді қолдануда. Атап айтқанда, құтқарушылар дрондарды пайдаланып, көпқабатты тұрғын үйлердің терезе тұсына дейін ұшырып, дауыс зорайтқыш арқылы қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ашық тұрған терезелерді жабу, сондай-ақ москит торларына сенбеу қажеттігі туралы ескертулер берілді, – дейді Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бас маманы Темірлан Айтжан.

Мамандардың айтуынша, москит торлары балалардың салмағын көтере алмайды және қауіпсіздік құралы болып есептелмейді. Балаларды қорғау үшін терезелерге арнайы құлыптар мен бекіткіштерді уақытылы орнату қажет. Биыл бар-

лығы 1 333 терезе бекіткіші орнатылды. Бұдан бөлек, адамдар көп жиналатын орындарда, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында балалар қауіпсіздігі мәселелері бойынша 500-ден астам QR-акпараттық тақтайша орналастырылды.

Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті №3 автобус паркімен бірлесіп, қалалық қоғамдық көліктердің сыртқы бетіне профилактикалық материалдарға сілтеме жасайтын QR-коды бар балалар қауіпсіздігіне арналған акпараттық материалдарды орналастырды. Бұл бастама қала тұрғындарының назарын балалардың терезеден құлауының алдын алу мәселесіне қосымша аударып, халықтың қауіпсіздік шаралары туралы хабардарлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Қарағанды әкімдігі бұл бағыт бойынша Төтенше жағдайлар департаменті, Полиция, Прокуратура, Балалар құқығын қорғау басқармасы және басқа да қызметтермен бірлесіп жұмыстар жүргізіп жатыр. Қорғаныс заттарын орнатудан басқа, мамандар отбасыларға арнайы барып, ата-аналармен әңгімелесуді жалғастыруда. Сонымен қатар «Қауіпсіз терезе» және «Қауіпсіз жаз» профилактикалық акциялары да жалғасын табуда. Бірақ түрлі шараларын өткізгенімен, мәселе толық шешімін табар емес. Негізгі себеп неде? Мамандар «басты себептің бірі ересектердің немқұрайлылығы» дегенді айтады. Ашық терезе жиі назардан тыс қалады, ата-аналар москит торына сенеді. Немесе бала бірнеше минут жалғыз қалса түк те болмас деген ойда болады. Бірақ дәл осы уақыт кейде қайғылы жағдайдың орын алуы үшін жеткілікті болып шығады.

– Алдын алу шаралары, рейд, сонымен қатар блокаторларды орнату ауыр жағдайды азайтады, бірақ ата-ана бақылауын толығымен алмастыра алмайды. Мұндай оқиғалардың көпшілігі ескертудің болмауынан емес, қарапайым қауіпсіздік ережелерін ұмытқаннан туындайды. Осылайша, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндер құтқарушылар емес, тіпті әкімдік емес. Ең алдымен, бұл ата-ананың өздері, олар қарапайым қауіпсіздік ережесін сақтауы керек, – деп түйіндеді Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бас маманы Темірлан Айтжан.

ГИДРОЭНЕРГЕТИКА ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ

Мемлекет басшысының электр энергетикасы саласын әртараптандыру жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде Үкімет Қазақстан Республикасының 2035 жылға дейінгі гидроэнергетика саласын дамыту жоспарын бекітті. Премьер-министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды.

Құжат еліміздің гидроэнергетикалық әлеуетін игеруге бірыңғай ұзақмерзімді тәсілді калыптастырады. Болашақ нысандарды дайындау кезінде су ресурстарының болуы, энергия жүйесінің қажеттіліктері, техникалық мүмкіндіктер, экологиялық шектеулер және инвестициялар тарту шарттары ескеріледі.

Жоспар алты негізгі бағыт бойынша 30 іс-шараны қамтиды. Олардың қатарында өзендердің су теңгерімі мен энергетикалық әлеуетін бағалау, жоспарланған нысандар бойынша бірыңғай деректер базасын калыптастыру, жер учаскелерін дайындау, ГЭС пен гидроаккумуляциялау стансаларының пулын құру, сондай-ақ кадрлық және ғылыми-техникалық қамтамасыз ету мәселелері бар.

Зерттеулер қолайлы алаңдарды тандауға, болашақ нысандардың параметрлерін айқын-

дауға және сумен қамтамасыз ету мен қоршаған ортаға әсер етуге байланысты тәуекелдерді алдын ала ескеруге көмектеседі. Барлық акпарат мемлекеттік органдар мен болашақ инвесторлар үшін бірыңғай дереккөзі болатын цифрлық платформада біріктіріледі.

Өндіруші қуаттарды кеңейту шеңберінде 2030 жылдың соңына дейін гидроэнергетиканың кемінде 500 МВт жаңа қуатын іске қосу көзделген. Сондай-ақ гидроаккумуляциялық электр стансасын салу мәселелеріне назар аударылды.

Жаңа нысандарды іске қосу өңірлерді энергиямен жабдықтау сенімділігін және Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің тұрақтылығын арттырады. Алаңдарды тандау кезінде су теңгерімі мен табиғатты қорғау талаптары ескеріледі, бұл қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

ӨЗЕКТІ

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Электронды сауда бүгінде қазақстандық кәсіпкерлер үшін қосымша табыс көзі ғана емес, толыққанды бизнес жүргізудің тиімді жолына айналды. Мыңдаған кәсіпкер өз өнімін халықаралық маркетплейстер арқылы сатуда. Сол ірі платформалардың бірі – Wildberries. Сондықтан Ресейдегі компания қоймаларына жасалған шабуылдардан кейін шыққан өрт қазақстандық сатушыларды да әбігерге салған болатын.

А **Кәмила ДҮЙСЕН**

Көптеген кәсіпкер тауарын Ресейдегі қоймаларға алдын ала жөнелтіп, сол жерден сатып алушыларға жеткізеді. Бұл жүйе сауданы жеңілдеткенімен, белгілі бір қатерлерді де қатар алып келеді. Қоймадағы өрт, табиғи апат немесе логистикалық іркіліс кезінде кәсіпкер өз тауарының сақталуына тікелей ықпал ете алмайды. Мұндай жағдайда компанияның жауапкершілігі, ақпараттың ашықтығы және шығынды өтеу тәртібі бірінші орынға шығады.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының алдын ала мәліметі бойынша, Ресейдегі Wildberries қоймаларына жасалған шабуылдардан Қазақстанның 100-ден астам кәсіпкері зардап шеккен. Олардың жалпы шығыны 1 миллиард теңгеден асады. Дегенмен бұл түпкілікті көрсеткіш емес. Қазір зардап шеккен сатушылардың толық тізімі мен материалдық залалдың нақты көлемі нақтыланып жатыр.

Оқиғадан кейін Қазақстанның Сауда және интеграция министрлігі ресми ақпарат жинауға кірісті. Ведомство Wildberries-тің Қазақстандағы ресми өкілі — «ИМВБКЗ» ЖШС-ға сауал жолдады. Министрлік платформада жұмыс істейтін қазақстандық кәсіпкерлердің саны, зардап шеккен сатушылар, оқиғаның олардың жұмысына ықпалы және компанияның міндеттемелерді орындау тәртібі туралы мәлімет сұратқан.

«Объективті әрі ресми ақпарат алу мақсатында Wildberries компаниясының Қазақстандағы ресми өкіліне сауал жолданды. Онда платформа арқылы тауар сататын қазақстандық кәсіпкерлердің саны туралы мәлімет сұралды. Сондай-ақ зардап шеккен сатушылардың бар-жоғы мен оқиғаның олардың жұмысына ықпалы анықталады. Компанияның қазақстандық сатушылар алдындағы міндеттемелерін орындау тәртібі де нақтыланады», — делінген Сауда және интеграция министрлігінің хабарламасында.

ҚОЙМАДАҒЫ ӨРТ: ШЫҒЫН ҚАЙТСЕ ӨТЕЛЕДІ?



Бұған қоса, министрлік дипломатиялық арналар арқылы Қазақстанның Ресейдегі Елшілігіне де тиісті сауал жолдаған. Елшілік Ресейдің құзырлы органдарымен және Wildberries компаниясымен байланыс орнатып, қазақстандық кәсіпкерлердің мүддесіне қатысты мәселелерді пысықтауға атсалысады. Оқиға Ресей аумағында болғандықтан, ресми мәлімет сол елдің жауапты органдарымен бірлесіп нақтыланады.

Ведомство барлық ақпарат жинамайынша оқиғаның Қазақстан нарығына ықпалына қатысты түпкілікті баға беруге асықпай отыр. Министрліктің түсіндіруінше, трансшекаралық электронды сауда коммерциялық

Министрліктің қазіргі міндеті — зардап шеккен кәсіпкерлер мен шығын көлемі туралы нақты дерек жинау. Осы мәліметтер негізінде ғана оқиғаның салдары бағаланып, кәсіпкерлерге қосымша түсініктеме беріледі.

ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖАЛҒАСАДЫ

Өрттен кейін кәсіпкерлерді аландатқан басты мәселе — келтірілген шығынның қалай өтелетіні болды. Wildberries компаниясының мәліметінше, қазір сатушыларға толық өтемақы емес, бизнестің жұмысын тоқтатпауға бағытталған қолдау шаралары жүзеге асырылып жатыр. Ком-

жүзеге асырылады», — дейді Wildberries компаниясының PR өкілі Ольга Ниязалиева.

Компания бұған дейін алғашқы кезеңде 88 мыңнан астам сатушыға қолдау төлемдерін аударған. Сонымен қатар өңірлік қоймаларға транзиттік жеткізу тегін ұйымдастырылып, тауарларды сақтау шарттары жеңілдетілді. Логистика құнына әсер ететін өңірлік индекстер уақытша бекітіліп, кейбір санаттағы тауарларға сатып алушылар үшін берілетін жеңілдіктер платформаның өз қаражаты есебінен ұлғайтылған. Бұдан бөлек, WB Банк сатушыларға несие қаникулын ұсынып, есепшоттарға қызмет көрсету ақысын және рубльмен жасалатын аударымдар үшін комиссияны алып тастаған.

«Біздің мақсатымыз — кәсіпкерлердің сатылымын сақтап қалуға көмектесу және олардың қосымша шығынын барынша азайту. Сол себепті логистика мен қойма қызметтеріне бірқатар жеңілдік енгіздік, ал WB Банк сатушыларға қаржылық қолдау шараларын ұсынды. Қазір оқиғаның барлық салдары бағаланып жатыр. Осы жұмыстың қорытындысына қарай қолдау тетіктері де кеңейтіледі. Біз серіктестерімізді қабылданатын барлық шешім туралы ресми арналар арқылы тұрақты түрде хабардар етіп отырамыз», — дейді компания өкілі.

Сонғы күндері әлеуметтік желілерде Wildberries Қазақстанда шұғыл түрде жаңа қоймалар іздеп жатыр деген ақпарат тарады. Алайда компания бұл мәліметті жоққа шығарды. Оның айтуынша, Қазақстанды қоса алғанда, барлық қатысушы елдерде логистикалық нысандарды салу бұрыннан бекітілген жоспар бойынша жалғасып келеді. Қазір негізгі күш тауарларды әртүрлі қоймалар арасында тиімді қайта бөлуге

және серіктестердің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар компания алдағы уақытта Қазақстанның мемлекеттік органдарымен және бизнес қауымдастықтарымен бір-қатар жұмыс кездесуін өткізіп, қазақстандық сатушыларды қолдау жөніндегі жол картасын талқылауды жоспарлап отыр.

«Біз логистикалық инфрақұрылымды бұрыннан бекітілген жоспар бойынша дамытып келеміз және жаңа нысандардың бір бөлігі жақын уақытта іске қосылады. Қазір басты міндет — тауарларды қоймалар арасында тиімді қайта бөліп, серіктестердің бизнесінің тұрақтылығын сақтау. Қазақстандағы мемлекеттік органдармен және бизнес қауымдастықтарымен кездесулер өткізіп, қазақстандық сатушыларды қолдау жөніндегі жол картасын талқылауды көздеп отырмыз. Бұл бағыттағы барлық шешімдер туралы серіктестерімізге ресми арналар арқылы тұрақты түрде хабарлап отырамыз», — деді Ольга Ниязалиева.

ШЫҒЫН КӨЛЕМІ НАҚТЫЛАНЫП ЖАТЫР

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, қазір елдің барлық өңірінен ақпарат жиналуда. Алдын ала есеп бойынша, Ресейдегі Wildberries қоймаларына жасалған шабуылдардан Қазақстанның 100-ден астам кәсіпкері зардап шеккен. Олардың жалпы шығыны 1 миллиард теңгеден асады. Алайда зардап шеккен сатушылардың толық тізімі мен материалдық залалдың нақты көлемі әлі нақтыланып жатыр.

Палата бұл жұмысты өңірлік кәсіпкерлер палаталарымен, жергілікті атқарушы органдармен және салалық қауымдастықтармен бірлесіп жүргізуде. Кәсіпкерлер ұсынған мәліметтер жинақталып, келтірілген шығын көлемі растайтын құжаттар негізінде есептеледі. Бұл ақпарат кейін өтемақы төлеу және құқықтық қолдау көрсету мәселелерін шешу үшін қажет.

«Атамекен» мәселені мемлекеттік деңгейде қарауды ұсынды. Палата Сауда және интеграция министрлігіне ресми хат жолдап, қазақстандық кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау үшін мемлекетаралық өзара іс-қимыл тетіктерін пайдалануды сұраған.

Сонымен қатар мемлекеттік органдар, «Атамекен» палатасы, Wildberries басшылығы және кәсіпкерлер қатысатын жұмыс тобын құру ұсынылды. Мұндай алаң шығынды бағалаудың ортақ тәртібін әзірлеуге, төлемдерді жеделдетуге және зардап шеккен сатушыларға құқықтық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Wildberries қоймаларындағы оқиға бір ғана компанияның ішкі мәселесі болып қалған жоқ. Ол халықаралық маркетплейстер арқылы жұмыс істейтін қазақстандық кәсіпкерлерді қорғау тетіктерін жетілдіру қажеттігін көрсетті. Ендігі маңызды мәселе — кәсіпкерлердің шығынын өтеумен қатар, осындай жағдайларда мемлекет, бизнес пен платформаның қалай әрекет ететінін алдын ала айқындайтын нақты жүйе қалыптастыру.

Палата бұл жұмысты өңірлік кәсіпкерлер палаталарымен, жергілікті атқарушы органдармен және салалық қауымдастықтармен бірлесіп жүргізуде. Кәсіпкерлер ұсынған мәліметтер жинақталып, келтірілген шығын көлемі растайтын құжаттар негізінде есептеледі.

және логистикалық тәуекелдермен байланысты. Мұндай жағдайда тараптардың жауапкершілігі келісімшарт талаптары мен қолданыстағы заңнамаға сәйкес қаралады.

«Оқиға Ресей Федерациясының аумағында болды. Сондықтан ресми ақпарат дипломатиялық арналар арқылы және Ресейдің құзырлы органдарымен өзара іс-қимыл негізінде алынады. Министрлік өз құзыреті шегінде қазақстандық кәсіпкерлердің заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті шараларды қабылдап жатыр. Қосымша ақпарат алынғаннан кейін қажет болған жағдайда тиісті түсініктемелер беріледі», — деп хабарлады ведомство.

пания шығын көлемін бағалау жалғасып жатқандықтан, төлемдерді бірнеше кезеңмен аударуды таңдаған. Алғашқы кезеңде қолдау алғандардың қатарында қазақстандық сатушылар да бар.

«Біз зардап шеккен сатушыларға арналған қолдау төлемдерінің екінші кезеңін бастадық. Бұл жолы 97 мыңнан астам шағын және орта бизнес өкіліне қаражат аударылады, олардың арасында алғашқы кезеңде төлем алған кәсіпкерлер де бар. Қаражат жақын арада сатушылардың платформадағы балансына түседі және қолданыстағы төлем кестесіне сәйкес қолжетімді болады. Қазір шығын көлемін бағалау жалғасып жатыр. Сондықтан сатушыларды қолдау шаралары кезең-кезеңімен

НАРЫҚ

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Қазақстанның жиынтық сыртқы қарызы 182 млрд доллар немесе 91 трлн теңгеден асты. Бұл – бір жылдық жалпы ішкі өнімнің шамамен 60 пайызына парапар сұрапыл сома. Былтыр республикалық бюджеттің таза кірісі 15 трлн теңге болған. Сонда мемлекет бір тиын жұмсамай, бүкіл табысын жаңағы борышты жабуға бағыттаса, одан құтылуға алты жыл кетеді екен. Бірақ мәселені жан-жақты қырынан талдасақ, қарыздың да түр-түрі барын түсінеміз.

ҚАЛЫПТЫ ӘРІ ҚАУІПТІ қарыз



А Еркебұлан НҰРЕКЕШ

Биыл бюджетке түскен базалық кірістің әрбір бесінші теңгесі бұрынғы қарыздардың өзін емес, пайыздарын төлеуге жұмсалып жатыр. Ақшаға шақсақ, 3 трлн теңгеге жуықтайды. Біле білсек, бұл – негізгі борышты бір тиынға да азайтпайтын, кезінде қарыз берген инвесторлардың игілігіне ғана жұмыс істейтін қып-қызыл шығын.

3 трлн теңгенің қаншалықты орасан қаражат екенін көзге елестету үшін оны салалық мекемелердің ресурс көлемімен салыстырайық. Мысалы, Денсаулық сақтау министрлігінің бір жылдық бюджеті – 2,7 трлн теңге. Ауыл шаруашылығы министрлігіне 650 млрд, Көлік министрлігіне 850 млрд теңгеден бөлініп тұрады. Яғни тек пайыздарды өтейтін қайтарымсыз қаржы ДСМ бюджетімен бірдей, ал АШМ мен КМ-нің біріктірілген бюджетінен екі есе артық деген сөз.

Қарапайым тілмен айтқанда, 3 трлн теңгеге орташа сыйымдылығы 1 200 оқушыға арналған 600 жаңа мектеп, 100 көпбейінді аурухана салып, 3 мың шақырым төрт жолақты жол төсеуге, 120 мың отбасын баспанамен қамтамасыз етуге болады.

Жалпы, айналасы алты-ақ жылда кредиторлардың жұтқыншағына жұтылатын осындай шығындар үш есе көбейіп, тарихи рекорд жаңартыпты. Мәселен, 2020 жылы мемлекеттік қарызға қызмет көрсету шығыны 1 трлн теңгені төңіректетіп. 2023 жылы бұл көрсеткіш 1,8 трлнға жеткен. 2026 жылы пайыздық төлемдер 3 трлн теңгелік межені бағындырды.

Үкімет неге мұнша борышқа батты? Өйткені Ұлттық банк инфляциямен күрес аясында базалық мөлшерлемені ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде ұстады. Нәтижесінде, ішкі нарықта БЗЖҚ мен банктердің сыйақы мөлшерлемесі көтеріліп кетті. Бұрын тек 6-7 пайызбен қарыз алып жүрген Қаржы министрлігі 2022-2025 жылдары 13-15 пайыздық ставкамен борыштануға мәжбүр болды. Сөйтіп, мемлекет өзіне өте қымбат ішкі міндеттемелер жинап алды. Іштен жинамай қайтсін, тура сол кезеңде сыртқы нарықта қаржылық ахуал қырық құбылып тұрған. Жаһандық инфляция

Сыртқы қарыздың бәрін мемлекет мойнындағы борыш деп жаңсақ түсінбеуіміз керек. Халықаралық әдістемеге сәйкес, жалпылама статистикада Үкіметтің, банктердің, жекеменшік компаниялардың жиынтық қарызы тегіс қамтылады.

жағдайында АҚШ-тың Федералды резервтік жүйесі мен Еуропа орталық банкі де сыйақы мөлшерлемесін күрт өсірген. Сонымен қатар доллар бағамының шарықтауы да пайыздық төлемдерді қатты ұлғайтып жіберді. Себебі доллармен алған қарыздың купондары да доллармен есептеледі.

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалауынша, егер қарызға қызмет көрсету шығындары таза бюджеттік табыстың 10 пайызынан көп болса, фискалдық жүйе жоғары тәуекел аймағына өтеді. Ал біз 20 пайыз көрсеткішпен осы қызыл сызықтан екі есе асып кеткенбіз. Ең қиыны, купондық төлем міндетті шығындар санатына кіреді. Экономика қандай дағдарысқа түссе де, мемлекет бұл 3 трлн-ды өтеуден бас тарта алмай, дефолт қаупіне ұшырайды. Үкімет ендігі ретте экономиканы дамыту үшін емес, баяғы қарыздардың пайызын төлеу үшін жаңа қарыздар алуға мәжбүр болатын қатерлі шекке таяп қалды.

Алайда сыртқы қарыздың бәрін мемлекет мойнындағы борыш деп жаңсақ түсінбеуіміз керек. Халықаралық әдістемеге сәйкес, жалпылама статистикада Үкіметтің, банктердің, жекеменшік компаниялардың жиынтық қарызы тегіс қамтылады. Қазақстан шетелге 182 млрд доллар, яки 91 трлн теңге берешек дегенде бұл сома үш негізгі блокқа бөлінеді.

Біріншісі – Қаржы министрлігі мен Ұлттық банктің бюджет тапшылығын жабу үшін Лондон, Нью-Йорк биржаларынан шығарған облигациялары және Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі, Ислам даму банкі тәрізді қаржы ұйымдарынан тартқан несиелері. Тікелей мемлекеттік борыш болып саналатын бұл қарыздардың көлемі – 16 млрд доллар немесе жалпы соманың 8,8 пайызы.

Екіншісі – квазимемлекеттік құрылымдардың сыртқы қарызы. Мемлекет бақылауындағы «Самұрық-Қазына» қоры, «Бәйтерек» холдингі, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз», «Қазақстан темір жолы», KEGOC сияқты ұлттық компаниялар шетелдік қаржы институттарына шамамен 25 млрд доллар берешек. Жалпы сомадағы үлесі – 14 пайыз.

АЛТЫ ЖЫЛДЫҢ АЙНАСЫ

2020 ж.	\$160,6 млрд
2021 ж.	\$163,7 млрд
2022 ж.	\$160,0 млрд
2023 ж.	\$162,7 млрд
2024 ж.	\$166,6 млрд
2025 ж.	\$173,5 млрд
2026 ж.	\$182,8 млрд (I тоқсан)

Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі

Ең үлкен үшінші топтағы жеке сектор мен фирмааралық борыштың көлемі – 141 млрд доллар немесе жиынтық сыртқы қарыздың 77 пайызы. Оның ішінде 90 млрд доллардан астамын, яғни жалпы берешектің жартысына жуығын фирмааралық берешек құрайды. Фирмааралық берешек дегеніміз – Chevron, ExxonMobil, Shell сынды тікелей шетелдік инвесторлардың Қазақстандағы өз еншілес кәсіпорындарына берген несиелері. Мемлекет қарызының бұған қатысы жоқ.

Мамандар осы орайда шетелдіктер алдындағы қаржылық міндеттемелер қа-

лыпты қарыз және қауіпті қарыз деп жіктейді.

Ең қауіпсіз борыш – манағы фирмааралық берешектер. Өйткені бұл қарызға республикалық бюджеттен бір тиын бөлінбейді. Алда-жалда, мәселен, «Тенішевройл» жобасындағы шетелдік инвестор еншілес компаниясына сеніп тапсырған несиесін кері қайтара алмаса, мемлекет те, халық та оған жауап бермейді. Шығын шексе, инвестордың өзі шегеді, соттасса, жеке субъектілер өзара соттасады.

Қалыпты қарыз деп Үкіметтің мойнындағы борышты айтуға болады. Себебі тікелей мемлекеттік сыртқы қарыздың сомасы – 16 млрд доллар ғана, ЖІӨ-дегі үлесі небәрі 5,7 пайыз ғана.

Экономистердің пікірінше, тәуекелі ең жоғары блок – квазимемлекеттік сектордың борышы. Неге десек, ұлттық компаниялар шетелден доллармен қарыз алады да, ішкі нарықта теңгемен есеп айырысады. Олардың көрсететін қызметі мен сататын тауарларының бағасы ұлттық валютамен белгіленеді. Теңге бағамы арзандаған сайын бұл компаниялардың қарызды өтеу шығындары еселеп өседі. Ондайда квазимемлекеттік сектор республикалық бюджетке алақан жайып, субсидия сұрайды. Иә, нарық қисыны бойынша ұлттық компаниялар дербес заңды тұлғаға жатады. Дегенмен түптеп келгенде «Самұрық-Қазына» құрамындағы ұлттық компаниялар немесе Қазақстан Даму банкі сыртқы қарызын төлей алмай қалса, мемлекет олардың банкрот болуына жол бере қоймайды. Өйткені квазимемлекеттік құрылымдар дефолт жарияласа, елдің қаржылық рейтингі құлдырап, стратегиялық нысандар шетелдіктердің шеңгеліне ілігіп кетуі мүмкін. Сондықтан мемлекет ұлттық компанияларды қайтсе де құтқарып қалуға тырысады.

Айтпақшы, әлеуметтік медида әр қазақстандық шетелге мыңдаған доллар қарыз деген рас-өтірігі аралас әңгіме айтылады. Қарабайыр арифметикаға салғанда дұрыс болғанымен, мұның артында қоғам санасына манипуляция жасау әрекеттері жасырынып жатқандай көрінеді. Иә, 182 млрд долларды 20 млн тұрғынға бөлсек, әр адамға 9 мың доллардан айналады екен. Бірақ бұл ақшаның 77-78 пайызы жекеменшік компаниялар мен шетелдік инвесторлардың өзара берешектерінен құралады. Шын мәнінде, халықтың мойнына жанама түрде түсетін ті-

келей мемлекеттік қарызды – 16 млрд долларды жан санына шақсақ, кісі басына 750 доллардан (360-380 мың теңге) келеді.

Қысқасы, сыртқы қарызды мақтауға да, даттауға да дәтіміз бармайды. Қарыз – тек қаржылық құрал. Егер Үкімет сырттан несие алып, оны ақшалай пайда әкелетін жобаларға жұмсап, тиын егіп, теңге орудың амалын тапса – құба-құп. Ал бюджеттің жыртығын жамауға, баянсыз бағдарламалардың шығынын жабуға деп қарызға батса, ол елдің ертенін кепілге қоюмен тең.

МӘСЕЛЕ

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Адам баласы қашанда тосын, түсініксіз жайттарды өзінің танымдық аясына сыйдырып, қарапайым ұғымдармен ұғынуға бейім. Әсіресе әлемдік тепе-теңдік шайқалып, аласапыран заман туғанда сананың саңылауынан кірген күдік пен үрей үлкен аңыздарға, астыртын істер туралы түрлі жорамалға жол ашады. Ақпарат ғасырында мұндай пайымдар жан-жаққа бұрынғыдан әлдеқайда жылдам тарап, қоғамдық пікірге қуатты ықпал етеді. Қисынсыз тұжырымнан тұратын мұндай гу-гу сөзге ел неге құмар? Бұл психологиялық феноменнің түп-тамыры, терең мәнісі неде?

А Айхан ШӘРІП

ШУБҒА ТОЛЫ КЕҢІСТІК

Бұл құбылысты саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар «Қастандық теориясы» немесе «Астыртын сөз байласу теориясы» деп атайтыны мәлім. Қазіргі ақпараттық кеңістікте ірі оқиғалардың әрқайсысы ресми түсініктемеден озып, сансыз «балама шындықтың» қаулауына себеп болады. Әлеуметтік желіде кез келген жаңалық бірнеше минуттың ішінде жүздеген жорамалға түрленіп шыға келеді.

Кейінгі жылдары Ресейдегі мұнай өңдеу зауыттарына жасалған украиналық дрон шабуылдары осындай толқын туғызды. Интернеттің ресейлік сегментін пайдаланушылар: «дрондар Украинадан сонша қашықтыққа ұшып жете алмайды», «бұл шабуылдар Қытайдан немесе Қазақстаннан ұйымдастырылады», «мұнай бағасын көтеру үшін іштен өзіміздікілер сокқылап жатыр, содан әдейі атып түсірмейді» сияқты пікірлерді жиі жазып жүр. Оның ешқайсысы нақты айғақпен бекітілмесе де, мындаған лайк, миллиондаған қаралым жинайды.

Сарапшылар Украинаның күн сайын жетілдіріліп жатқан ұшқышсыз ұшу аппараттарының мұндай қашықтықты және ресейлік әуе қорғанысы жүйелерін енсеруі заңды екенін дәлелдесе де, көпшіліктің санасы астыртын сценарийге сенуге бейім. Ақпараттық кеңістіктегі осы күмән көршілес елдерге де салқынын тигізіп, күдікшіл аудитория Қазақстан мен Қытайды негізсіз «астыртын ойыншы» етіп шығаруға тырысты.

Ұқсас жағдай биылғы шілде айында Ресейдегі ірі тауар сақтау-тарату орталықтарына сокқыдан кейін де қайталанды. Рунетте мұны Wildberries-дің бәсекелестерінің арам әрекетімен немесе жасырын келісімдермен байланыстырған пікірлер көбейді. Күні кеше компанияның Рязаньда орналасқан, аумағы 170 мың шаршы метрді құрайтын ультра-заманауи мега-қоймасы өртенді.


Бұл оның отқа оранған 7-ші ірі нысаны. Ол Мәскеу мен Мәскеу облысының нарығын ең сәнді, аса қымбат тауарлармен және техникамен қамтамасыз етіп келген. Сөйтіп, жанып, жермен-жексен етілген Wildberries қоймаларының жалпы аумағы миллион шаршы метрге жуықтап, Монако мемлекетінің жартысынан асатын көлемді құрады.

Әзірге украиналық дрондар ТМД аймағындағы басқа ірі мар-

келісімге келген-мыс. Мұндай астыртын келісімнің еш дәлелі жоқ. Көпшілік Аргентинаның матч бойы қарсылас қақпасына бірде-бір рет дәл сокқы бағыттай алмағаны сияқты шынайы спорттық факторды ескергісі келмейді. Мұның сыртында FIFA-ға мүше 200-ден астам қауымдастық Инфантиноны қайта сайлауды турнирге дейін-ақ қолдап қойған болатын», — делінген Euronews сюжетінде.

КҮДІКТІҢ КӨЛЕҢКЕСІ:

ҚАСТАНДЫҚ ТЕОРИЯЛАРЫ ҚАЛАЙ ТУАДЫ?



кетплейстер — Озон (Ozon) мен Яндекс Маркеттің қоймаларына тиіспеген. Осы теңсіздік бірден жаңа конспирологияны тудырды: «Уайлдберриз қоймаларын жоюды бәсекелестері тапсырыспен жасатып отыр». Өртеніп жатқан объектіні таспаға түсірген жұмысшысының бірі видеода: «Қоймамыз жанып кетті, бірақ мен мұнаймаймын! Енді Озонға жұмысқа барамын, өйткені оған украиндар тиіспейді», — деп ағынан жарылады. Қарапайым жұмысшының бұл сөзі халық санасына конспирологияның қаншалықты терең орныққанының айқын көрінісі.

Мұндай құбылыс тек саясатпен, экономикамен немесе әскери оқиғалармен шектелмейді. Спорт әлемі де тыс қалмады. Екі аптадай бұрын футболдан Әлем чемпионаты аяқталған соң әлеуметтік желіде ФИФА-ның нәтижені алдын ала белгілеп қойғаны, халықаралық ұйымдардың жасырын келісімге барғаны туралы пікірлер кеңінен тарады. Алайда олардың ешқайсысы нақты айғақпен расталған жоқ.

«Испанияның ӘЧ-дегі жеңісінен кейін ғаламторда Аргентинаның нәтижені финалда жеңілгенін түсіндіруге тырысқан жалған теориялар қаптап кетті. 4 миллионға жуық қаралым жинаған бір посттың авторы «FIFA-ға тек еуропалық чемпион қажет болды» деп табандайды. Оның дәйектеуінше, FIFA президенті Джанни Инфантино 2027 жылғы сайлауда қолдауы үшін UEFA-мен жасырын

Мұнымен де тоқтамай, желі қолданушылары Аргентина құрамасының жартылай финалда Англияны жеңгеннен кейін «Фолкленд аралдары — Аргентинаныкі» деген жазуы бар баннерді жайғаны үшін ФИФА олардың алдына «не финалда жеңілесің, не 10 жылға әлем чемпионатынан шеттетілесің», — деген ультиматум қойған», — деген жорамал да тарады. Оңтүстік-батыс Атлантикадағы Ұлыбританияның осы территориясы үшін 1982 жылы 74 күндік соғыс өткені тарихтан белгілі. Сонда Буэнос-Айрес десант түсіріп, аралды өз бақылауына алғысы келді, алайда британ әскерінен жеңіліс тапты. ФИФА-ның әлгі баннер үшін Аргентинаға ресми санкция салғаны, тіпті сес көрсеткені туралы бірде-бір нақты дерек жоқ.

САНАНЫҢ ҚОРҒАНЫС МЕХАНИЗМІ

Мамандардың пікірінше, қастандық теориялары — бұл жай ғана біреудің үстірт сөзі немесе күлкілі қиялы емес. Бұл — қоғамдық сананың терең қаптарларында жатқан күрделі феномен.

«Жалпы, астыртын сөз байласу теориялары — адам психикасының белгісіздікке берген жауабы. Тұрақсыздық күшейгенде немесе қандай да бір халықтың, әлеуметтік топтың, әлде жеке индивидумның үйреншікті әлемі күйрегенде, адамдар қорқынышын азайтатын қарапайым түсіндіруді іздейді. Яғни бұл — үрей мен белгісіздікке қарсы табиғи психологиялық

реакция. Геосаяси қақтығыс, экономикалық дағдарыс, пандемия, түбегейлі әлеуметтік өзгеріс адамдардың қауіпсіздік сезімін әлсіретеді. Осы сәтте «біреулер (ұлы күштер, жатпланеталықтар, ма-сондар) жоғарыдан бәрін бақылап отыр» деген түсінік психологиялық жұбанышқа айналады. Тіпті кейбір адам өз әрекетін немесе әрекетсіздігін сонымен түсіндіріп, жауапкершілікті басқаға аударуға тырысады», — дейді тәжірибелі психолог Гүлзат Көпбаева.

Адамзат тарихында төтенше оқиғалар орын алған сайын, астыртын сөз байласу теориясы қатар өрбіп отырған. 2001 жылғы 11 қыркүйекте Нью-Йорктегі егіз мұнараларға жасалған террорлық шабуылды «АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы демократияны шектеу және өзге елдерге басып кіру үшін ұйымдастырды» деушілер әлі де бар. АҚШ-тағы мектептердегі жаппай атыстарды (масс-шутинг) «азаматтарды қару ұстау құқығынан айыру үшін қойылған инсценировка» дейтіндер де кездеседі. Кеннедидің өлімі, бірер жыл бұрын өткен COVID-19 пандемиясы, әлемдегі түрлі ланкестік шабуыл да конспирологиялық болжамдардың өзегіне айналады.

Осы мәселенің ғылыми шешімін табуға Лондон университетінің Аномалиялы психология ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы, британдық ғалым Роб Бразертон (Rob Brotherton) ұзақ жылын арнады. Бүгінде Нью-Йоркте тұрып, ғылыми ізденістерін жалғастырып жатқан ғалым қастандық теориясының психологиясын терең зерттегені үшін психология ғылымдарының докторы атағын иеленді. Оның бұл бағыттағы көпжылдық еңбегінің қорытындысы ретінде «Күдікшіл сана: Біз неге қастандық теорияларына сенеміз?» (Suspicious Minds: Why We Believe Conspiracy Theories) атты бестселлері дүниеге келді.

Бразертон монографиясында конспирологияға дем беретін бірнеше басты психологиялық факторды атады. Біріншісі — қаһарман-әшкерелеуші рөлі. Конспирология адамға жай сырттай бақылаушы емес, «шындықтың бетін ашатын қаһарман» рөлін ұсынады. Бұл біздің архетипіміз мен болмысымызға сай келеді. Адамдар өзін оқиғаның шарасыз куәгері емес, жасырын зұлымдықты әшкерелеп, жақсылықтың жеңісіне үлес қосып жатқан «батыр» ретінде сезінгісі келеді.

ШЫНДЫҚҚА ЖЕТКІЗЕР ЖОЛ

Екінші фактор — біреудің қарау ниетін іздеу механизмі. Адам санасында кез келген әрекеттің артынан біреудің жасырын ойын іздейтін туа біткен түйсік бар. Көшеде әлдебір еркек кездейсоқ жанға гүл немесе шоколад ұсынса, бірден сезік туындауы мүмкін. Бұл уланбау, жамандыққа арандамау, эволюциялық тұрғыда аман қалу үшін қажет болғанымен, кейде ол тетік босқа іске қосылады, көңілде негізсіз алаң пайда болады.

Бұл феноменді 1944 жылғы «Хайдер мен Зиммель эксперименті» дәлелдейді. Ғалымдар Фриц Хайдер мен Марианна Зиммель сыналатын адамдарға 1,5 минуттық қарапайым, бейкүнә

анимациялық фильм көрсетеді. Экранда тек қана геометриялық фигуралар — үлкен және кіші үшбұрыш, дөңгелек және «есігі» бар тіктөртбұрыш қозғалып жүреді. Ғалымдар қатысушылардан не байқағанын сипаттап беруді сұрайды. Нәтижесі таңғалдырды: аутизмі бар бір баладан басқа қатысушының бәрі жансыз фигураларға адамның эмоциясы мен мінезін телген. Олар үлкен үшбұрышты — «бұзақы, зәлім», кіші үшбұрышты — «қаһарман» немесе «құрбан», ал дөңгелекті «үйге кіре алмай, қорқып тұрған қыз» деп сипаттайды. Фигуралардың бейберекет қозғалысынан «қызғаныш», «үстемдік үшін күрес», «әлсіздік қорғау» сияқты күрделі драмалық сюжет көрген. Бұл сынақ адам миының кез келген қозғалыстан белгілі бір мағына, себеп және жасырын астар іздеуге бейім екенін дәлелдеді.

Роб Бразертон қастандық теорияларының тағы бір психологиялық тұғырын «сәйкестік қатесі» деп түсіндіреді. Адам санасы ірі оқиғаның артында міндетті түрде ірі күш тұруы керек деп есептейді. Сондықтан тарихи салдары зор оқиғаларды жай ғана кездейсоқтықпен түсіндіру көпшілікке сенімсіз көрінеді. Бұған АҚШ тарихындағы қос оқиға айқын дәлел: Президент Джон Кеннедидің өлімі және Президент Рональд Рейганға жасалған қастандық. Екі жағдайда да жалғыз қылмыскер қолына қару алып, америкалық лидерді атты. Айырмашылық тек ақырғы нәтижеде: Кеннеди қаза тапты, Рейганға тиген оқ жүректен небәрі 25 миллиметрдей жерден өтіп, ол аман қалды. Кеннедидің өлімі АҚШ пен әлем тарихын өзгертті және ондаған конспирологиялық теорияға арқау болды. Рейганға жасалған дәл сондай қастандық конспирология тудырған жоқ. Себебі халық санасы «жалғыз психопат бүкіл әлемдік тарихты өзгерте алды» дегенге сенгісі келмейді. Ауқым-масштабтардың сәйкес келмеуі сананы жасырын қалған күштерді іздеуге мәжбүрлейді.

Бұған қоса адамдар көбіне өз пікірін қуаттайтын ақпаратты ғана қабылдап, оған қайшы келетін деректерді елемейді. Психологияда бұл құбылыс «растуағы бейімділік» деп аталады. Әлеуметтік желілердің алгоритмдері адами психологияның дәл осы талмау тұсын дөп басып, қолданушыға өзі сенетін мазмұндағы контентті қайта-қайта ұсынып отырады. Кельн университетінің ғалымдары анықтағандай, тіпті кейбір адам біржақты дүниеден — өзі тыңдайтын блогерлерден, подкасттардан, посттардан, YouTube Shorts видеолардан жалығып, баламаларын іздей бастаса, алгоритмдер бәрібір айналып келіп, әлгі сұрлеуге кері оралтады екен. Соның салдарынан әлдебір оғаш жорамал нақты адамдар тобы үшін уақыт өте келе аксиомалық «ақиқатқа» айналады.

Цифрлық дәуірде әрбір адам тек ақпарат тұтынушы емес, оны таратушы да. Әр жарияланған пікір мен әр бөліскен хабар қоғамдық сананы өзгертеді. Барлық контентті бұғаттап, мемлекеттер екі елі ауыздың бәріне төрт елі қақпақ қойып шыға алмайды. Қастандық теорияларымен күресудің жолы — сыни ойлау мәдениетін қалыптастыру.

ДАМУ

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ



Шығыс Қазақстанда кейінгі жылдары жүзеге асып жатқан ірі инфрақұрылымдық жобалар өңірдің келешек даму бағытын айқындайтын маңызды бастамалардың біріне айналды. Жаңа әуежайлардың салынуы, тұрғын үй құрылысының ұлғаюы, жолдар мен көпірлердің жаңғыртылуы – мұның бәрі халықтың күнделікті тұрмысын жеңілдетіп қана қоймай, өңір экономикасының жаңа мүмкіндіктерін ашуға бағытталған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің шалғай өңірлеріндегі көлік қолжетімділігін арттыру мәселесін бірнеше рет көтерген болатын. Осы тапсырма аясында Шығыс Қазақстан облысының Зайсан және Катонқарағай аудандарында жаңа әуежайлардың құрылысы басталды. Бұл – тек құрылыс нысандары емес, өңірдің инвестициялық және туристік әлеуетін арттыратын стратегиялық жобалар. Нысандардың құрылысын «ЭЛХОН» ЖШС жүргізуде.

Бүгінде Зайсандағы әуежай құрылысында жұмыстардың

ӘУЕЖАЙДАН БАСТАЛҒАН ЖАҢҒЫРУ

басым бөлігі аяқталған. Былайша айтқанда, 87 пайыз бітіп тұр. Ұшу-қону жолағы, рульдеу жолы, перрон, дренаж жүйесі, кіреберіс жол мен инженерлік инфрақұрылым толық салынып болған. Қазір командалық-диспетчерлік пункт пен әкімшілік ғимараттардың құрылысы жүргізілуде.

Ал Катонқарағайдағы құрылыс жұмыстары жоспарға сай жалғасып жатыр. Мұнда құрылыс-монтаждау жұмыстарының 66 пайызы орындалған. Ұшу-қону жолағы мен перронның негізгі бөлігі аяқталуға жақын. Терминал ғимараты мен қосалқы нысандар бой көтеруде. Жұмыстардың сапалы әрі бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуі облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың тұрақты бақылауында.

Бұл екі әуежайдың пайдалануға берілуі өңір тұрғындарының жол жүру уақытын қысқартып қана қоймайды. Әсіресе табиғаты ерекше Катонқарағайдың туристік әлеуеті жаңа деңгейге көтеріледі. Ал Қытаймен шекаралас Зайсан ауданы үшін әуе қатынасының ашылуы сауда-логистика саласының дамуына тың мүмкіндік береді. Мамандардың пікірінше, көлік қолжетімділігі артқан сайын инвестиция тарту, кәсіпкерлікті дамыту және қызмет көрсету

саласын кеңейту де жеңілдей түседі.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

Облыста инфрақұрылымдық жобалармен қатар тұрғын үй құрылысы да қарқын алды. Биыл Шығыс Қазақстанда барлық қаржыландыру көзі есебінен 961 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланып отыр. Оның 860 мың шаршы метрі көпқабатты үйлер болса, қалған 101 мың шаршы метрі жеке тұрғын үйлердің үлесіне тиесілі.

Жыл соңына дейін пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі

Тұрғын үй құрылысының басты мақсаты – тек құрылыс көлемін арттыру емес, баспанаға мұқтаж азаматтардың мәселесін шешу. Осы бағытта биыл әлеуметтік осал топтарға арналған 701 пәтер сатып алу жоспарланған. Оның 401-і «Бірқабатты Шығыс» бағдарламасы аясында облыстың 52 елді мекенінде салынған үйлерден алынады. Қалған 300 пәтер Өскемен қаласы мен Зайсан, Алтай, Катонқарағай және Үлкен Нарын аудандарындағы көпқабатты тұрғын үйлерден сатып алынбақ.

Қазіргі уақытта өңірде жалпы саны 1 302 пәтерді қамтитын 21 кредиттік тұрғын үй салынып жатыр. Жыл соңына дейін тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 232 кредиттік пәтер беріледі. Жалпы есеппен алғанда,

Сондықтан облыста көпірлерді жөндеу мен жаңа көпір салу жұмыстары қатар жүргізілуде. Қазір Язовое көліне апаратын жолдағы Ақ Берел өзені арқылы өтетін көпір қайта жаңғыртылып жатыр. Бұл жоба жол қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, шалғай елді мекендердің көлік қатынасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Осинов асуындағы қайта жаңғырту жұмыстары да маңызды жобалардың бірі саналады. Мұнда Козловка өзені арқылы өтетін жаңа көпірдің құрылысы аяқталған. Ал Пихтовка өзені арқылы өтетін көпір пайдалануға берілген соң, қайта жаңғыртылып жатқан жол учаскесі толықтай көлік қозғалысына ашылады.

Өскемен қаласының көлік жүйесін дамыту бағытында да ауқымды жобалар қолға алынған. Серікбаев көшесін Ертіс өзені арқылы өтетін жаңа көпірмен байланыстыратын жол салу жоспарланып отыр. Бұл жоба қала ішіндегі көлік ағынын оңтайландырып, кептелісті азайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар «Шемонаиха – Усть-Таловка» автожолындағы Үбі өзені арқылы өтетін көпір қайта жаңғыртылуда. Ал Шнайдер көпіріне түсетін жүктемені азайту үшін Үлбі өзені арқылы жаңа автокөлік көпірінің жобасы әзірленіп жатыр.

БІР-БІРІНЕ ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ ЖОБАЛАР

Туризм саласын дамытуға бағытталған жұмыстар да жүйелі жалғасуда. Былтыр Катонқарағай ауданындағы тарихи Ескі Аустрия жолындағы ұзындығы 24 метр болатын көпір қалпына келтіріліп, туристік бағыт қайта ашылды. Бұл өңірдің тарихи және табиғи мұраларын тамашалауға келетін саяхатшылар үшін қолайлы жағдай қалыптастырды.

Шығыс Қазақстанда жүзеге асып жатқан бұл жобалардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Әуежайлар көлік қатынасын жақсартады, жолдар мен көпірлер өңір ішіндегі байланысты күшейтеді, ал тұрғын үй құрылысы халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге ықпал етеді. Инфрақұрылымның жаңаруы инвестиция тартуға, туризмді дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Сондықтан бүгінгі құрылыс жұмыстары тек жаңа нысандар салумен шектелмейді. Бұл – өңірдің ұзақмерзімді дамуына салынған инвестиция. Жоспарланған жобалар сапалы әрі уақытында аяқталса, Шығыс Қазақстанның экономикалық әлеуеті артып, тұрғындардың өмір сүру деңгейі де жаңа белеске көтеріледі.

Омар ҰЛАРБЕКҰЛЫ



Осы тапсырма аясында Шығыс Қазақстан облысының Зайсан және Катонқарағай аудандарында жаңа әуежайлардың құрылысы басталды.

408,4 мың шаршы метр болады деп жоспарланған. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен жоғары. Ал алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 150,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, шілде айының қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 156,1 мың шаршы метрге жетеді деп күтілуде.

биыл 933 тұрғын жалдамалы немесе кредиттік тұрғын үйге қол жеткізеді.

ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ДА БАСТЫ НАЗАРДА

Өңірдің тұрақты дамуы жол-көлік инфрақұрылымының сапасына да тікелей байланысты.



ТҮЙТКІЛ

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Кейінгі нөмірлердің бірінде донорлық мәдениет жайында мақаламыз жарық көрген еді. Бұдан кейін көп кешікпей Үкімет қаулысымен қан донорлары үшін алғаш рет ресми түрде «Құрметті донор» марапаты тағайындалды. Осылайша, Үкімет көп жылдан бері қозғалып келген мәселенің күрмеуін шешіп, өтеусіз қан тапсырып жүрген жандардың еңбегі бағаланып отыр. Әрине, «Құрметті донор» төсбелгісі тұрақты қан тапсырып жүрген азаматтар үшін үлкен мәртебе екені анық, алайда бұл шешім донор санын, расымен де, арттыра ала ма?

Айсұлу
СЪЕЗХАН

Кейінгі 17 жылда донорларға арналған жеке марапат болмады, сол себепті еріктілер медицина қызметкерлері мен қоғам қайраткерлеріне арналған ортақ медициналық медальға ғана үміткер болып келді. Енді донорлардың еңбегі ескеріліп, қоғам үшін лайықты орынға ие болып, мәртебесі артты. «Құрметті донор» төсбелгісі — адамдардың өмірін сақтап қалуға тұрақты түрде үлес қосып жүрген донорлардың еңбегін мемлекеттік деңгейде мойындауға мүмкіндік беретін арнайы статус. Сол себепті де медальдің әр деталінде терең мағына бар. Төсбелгіні Қазақстан теңге сарайы жасайды. Оны Геральдика жөніндегі республикалық комиссиясы бекіткен. Төсбелгінің дизайнында да ерекшелік бар, оның негізгі символы — қызыл түсті эмальмен көмкерілген қан тамшысы. Тамшының ішінде ақ түсті эмальмен бейнеленген жүрек соғысының графикалық ырғағы бейнеленген. Барлық композиция күнгірт өңделген дөңгелек жиекпен қоршалып, арнайы дайындалады.

Арнайы марапатты иелену үшін 40 рет қан немесе тромбоцит, не 70 рет плазма тапсыру қажет екен. Демек, «Құрметті донор» мәртебесіне ие болу оңайға соғатын іс емес. Қазір тізімде талаптарға толық сәйкес келетін құрмет белгісінің алғашқы иегері қатарына жататын 481 тұрақты донор бар. Донорлардың осыншама жанқиярлығына сәйкес марапаттың да артықшылығы мен мүмкіндіктері болса дейсін. Мәселен, Еуропа елдерінде ақылы демалыс күндері, тегін медициналық тексерілулер, арнайы әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған. Қазір елімізде ерікті түрде қан тапсырған азаматтарға энергия шығынын толықтырып, күтімін жақсарту үшін 0.25 АЕК көлемінде өтемақы беріледі, бұл дегеніміз — 1 081 теңге. Бұл қаржы қанның өзі үшін емес, донордың тамақтануы мен физиологиялық қалпына келуі үшін төленеді. Бұған дейін қоғам белсенділері бұл қаржының тым төмен деңгейде екенін айтып, өтемақы мөлшерін арттыруды ұсынған, алайда әзірге бұл ұсыныстар Үкімет тарапынан қолдау таппады. Мамандардың, соның ішінде Қазақ тағамтану академиясының есебіне сенсек, қан тапсырғаннан кейін донордың күнделікті рационны шамамен 4700 ккал болуға тиіс. Ал мұндай тамақтану құны бүгінде 5 мың теңгеден асады, яғни мемлекет беретін өтемақы донордың физиологиялық қажеттіліктерін толық өтемейтіні түсінікті. Өмір салтын өзгерту және тамақтану мәдениеті бойынша

Марапат

ДОНОРДЫҢ

мерейін
ӨСІРЕ МЕ?

маман Аңсаған Аллабергенқызы да осы пікірде.

— Менің ойымша, «Құрметті донор» мәртебесін енгізу — жақсы бастама. Адамның қоғамға қосқан үлесін мойындау әрқашан маңызды. Бірақ тек атак не мәртебенің өзі ғана донорлар санын айтарлықтай арттырады деп ойламаймын. Адамдар ұзақ мерзімде тұрақты донор болуы үшін еңбегінің бағаланатынын да сезінуі керек. Мұндай мәртебеге нақты жеңілдіктер мен қолдау шарасы да қоса берілгені дұрыс. Мысалы, жыл сайын тегін медициналық тексерулерден өту, денсаулық көрсеткіштерін бақылау, дұрыс тамақтануға арналған өтемақы немесе жеңілдіктер сынды ынталандырулар болса, бұл адамдардың тұрақты түрде қан тапсыруға деген ынтасын арттырады еді, — дейді маман.

Оның сөзінше, қан тапсырғаннан кейін ағза жоғалтқан сұйықтықты, темірді және энергия қорын қалпына келтіруге уақыт қажет. Сондықтан қазіргі өтемақы мөлшері донордың физиологиялық қажеттілігін толық өтейді деу қиын, сол себепті өтемақы мөлшерін қайта қарастыру орынды.

АЗАМАТТАРДЫҢ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жыл сайын елімізде 180 мыңнан аса азамат донор атанып, 255 мыңнан астам донорлық рәсім жасайды. Соның нәтижесінде жыл сайын 80 мыңнан астам пациентке сапалы қан құю көмегі көрсетіліп, олардың өмірін сақтап қалуға және сауығыуына мүмкіндік беріледі. Алайда бүгінде хирургиялық операциялардың, трансплантацияның ауқымы артқан сайын қосымша қан қажет екені түсінікті.

2025 жылдың қорытындысы бойынша республикада қан мен оның компоненттерінің 255 255 донациясы тіркелді. Бұл көрсеткіш азаматтардың жоғары әлеуметтік жауапкершілігін және қан қызметінің тұрақты дамуын айғақтайды. Донорлық қозғалыста құрметті донорлардың орны ерекше. Олардың өтеусіз донорлықты дамытуға және адам өмірін сақтап қалуға қосқан үлесінің маңызы орасан зор, — деп хабар-



лаған Денсаулық сақтау министрлігі.

Министрлік дерегіне, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында қан тапсыратын донор саны жеткілікті, алайда өзге өңірлерде тапшылық байқалады. Бұл орайда донор болуға ынталандырудың өзге де тетіктері қажет. Біз кейінгі 5 жылда тұрақты түрде донор болып жүрген азаматты таптық. Графика дизайнері Данияр Абуғәліпұлы жастар тұрақты түрде қан тапсыру үшін заман талабына сәйкес жаңа әдістердің болғанын қалайды.

— 1 081 теңге өтемақы өтемақы өте төмен деңгейде, әсіресе оның кейінгі 20 жыл бойы өзгеріссіз қалғанын ескерсек, мәселенің өзектілігі арта түседі. Елімізде халық саны да, экономика да өсіп келеді. Оған сәйкес донорларды ынталандыру шарасы да заман талабына сай жаңартылуға тиіс. Қан тапсырып жүргеніме 5 жылға жуықтағаны байқамай да қалыппын. Донор болуға әрдайым белсенділік танытамын, себебі мұны адам ағзасына да оң әсері бар. Дегенмен бүгінге дейін Қан орталығы тарапынан қандай да бір ынталандыру немесе ақпараттық хабарлам алған емеспін, тек қан қажет кезде телефон арқылы

дені сау адам — қан мен оның компоненттері доноры болуға ерікті. Ол үшін Республикалық қан орталығына дүйсенбі-жұма күндері сағат 08.00-16.00-ге дейін бару керек. Өзімен жеке куәлігін алып келу міндетті (әскери қызметкерлер әскери билетін әкелгені жөн). Республикалық қан орталығының тіркеу бөліміне алғашқы рет барғанда, донор деректерін Бірінші донорлық жүйесінің (БДЖ) компьютерлік базасынан тексереді. Содан кейін донор терапевт дәрігердің қарауында болады және зертханалық зерттеулерден өтеді. Қан доноры атану үшін қанның клиникалық талдамасы, биохимиялық талдамасы, «В» және «С» гепатитіне талдама, АИТВ вирусына, мерез вирусына талдама жасау керек. Донор денсаулығы туралы анықтама мен тізімдегі медициналық тексеру тегін өтеді. Донордың қан тапсырар алдында бір күн бұрын және сол күні таңертең майлы, ет және сүт тағамдарын жеуіне болмайды, түнгі ауысымды жұмыстан кейін, түнгі кезекшіліктен кейін қан тапсыруға болмайды, қан тапсырар күннің алдында ауыр жұмыс істемеген жөн. Қан тапсырғанға дейін 3 сағат бұрын темекі шегуге және 48 сағат бұрын ішімдік ішуге болмайды.

Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік бақылауда 500 мл-ға дейін қан беру адамның денсаулығы үшін еш қауіпі жоқ екені дәлелденді, сондықтан 400 мл доза физиологиялық деп аталады. Медицина мамандарының бақылауымен іске асырылған донорлық зиянсыз. Дұрыс тамақтану маманы Аңсаған Аллабергенқызы қан тапсырғаннан кейін бірнеше кеңесті естен шығармауды ұсынады.

— Қан тапсырған соң, ең алдымен, су, морс, компот, шай секілді сұйықтықты көбірек ішу маңызды. Рационда сиыр еті, бауыр, балық, жұмыртқа, қарақұмық, бұршақ тұқымдастар, шпинат, кептірілген жеміс т.б. темірге бай өнімдер болуы керек. Ал С дәруменіне бай көкөністер



Қан тапсырғаннан кейін ағза жоғалтқан сұйықтықты, темірді және энергия қорын қалпына келтіруге уақыт қажет. Сондықтан қазіргі өтемақы мөлшері донордың физиологиялық қажеттілігін толық өтейді деу қиын, сол себепті өтемақы мөлшерін қайта қарастыру орынды.

хабарласып, орталыққа шақырып тұрады. Донор болу — әрбір саналы азаматтың жауапкершілігі. Кез келген мемлекеттің ең басты капиталы — оның халқы, сондықтан әрбір адамның өмірі мен денсаулығын сақтау ортақ міндет деп ойлаймын, — дейді кейіпкеріміз.

Оның ойынша, мемлекет тарапынан ынталандыру мен халықты ақпараттандыру жиі жүргізілсе, донор саны да ұлғайып, медициналық қызметтің де сапасы артар еді.

ҚАН ТАПСЫРУДЫҢ
ТӘРТІБІ БАР

Республикалық қан орталығының мәліметінше, кез келген он сегіз жастан асқан

мен жемістер темірдің жақсы сіңуіне көмектеседі. Алғашқы тәулікте ауыр дене жүктемесінен, алкогольден және жеткіліксіз ұйқыдан бас тартқан дұрыс. Осындай қарапайым күтім ағзаның тезірек қалпына келуіне мүмкіндік береді, — дейді А.Аллабергенқызы.

Маманның кеңесін есепке алсақ, 0,25 АЕК көлеміндегі тамақтану донордың физиологиялық қажеттілігін өтемейтіні белгілі. Егер де ел болашағы мен халық денсаулығының маңызын ойласақ, тұрақты донорлардың санын арттыру жолында өзге де шешімдерді қарастыру, ақпараттандыру жұмысын жетілдіру өзекті болып қала бермек.

РУХАНИЯТ

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

• МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН

Орта жастағы ер адам мен жас жігіт бір-біріне қадала қарап, автотұрақтың ортасында әлденеге келісе алмай, жаға жырттысқалы тұр екен. Бірінің жұдырығы түюлі, бірінің қабағы қатулы... Иә, қазір әлеуметтік желіні ашсаң дау-дамай, әсек, жантүршігерлік оқиғалар сәт сайын алдыңнан шыға келеді. Осындайда тұтас қоғам ашумен сөйлеп, ашумен тыныстап жүргендей көрініп кетеді. Миымыз негативті ақпараттардың қоқыс жәшігіне айналған заманда біз жанымызды қалай, немен қорғап жүрміз?

Осындай сұраулы оймен көктемнің жаңбырлы күндерінің бірінде серуендеп келе жатып, кофеханаға кірдім. Кофем дайын болғанша кітап сөресіндегі кітаптарды қарап шығайын дедім, арасынан қоңыр түсті кітап бірден көзге түсті. Маралтай Райымбекұлының кейінгі жарық көрген «Ақ батпырауық» атты жыр кітабы екен. Шынымды айтсам, бұл кітап мұнда қайдан жүр екен деп таңғалдым. Кофехана сөрелерінен көбіне психологиялық кітаптарды көріп үйреніп қалғаннан болар...

Қоңыр мұқабалы «Ақ батпырауықты» парактап отырып, санадағы кей сұрақтарға жауап тапқандай болдым. Шынында да біз керексіз дүниелерден шаршаған, айқай-шудан тыныштық іздеген жанымызды немен қорғап жүрміз осы?

Басқаны білмеймін, өз басым тыныштықты поэзиядан табамын. Рас. Сенбесеңіз оқып көріңіз. Өлең бізді шындықтан алыстатпайды, керісінше сол шындыққа жақындатады, өмірдің өзін, ғаламның ғажайыптарын, табиғаттың нәзік те сұлу бояуларын көре білуді үйретеді емес пе?!

Кітапты оқып отырып, Маралтай ағаны алғаш көрген кезім еске түсті. Ол 2019 жылдың күзінде Қарағандыда өткен С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған республикалық жас ақын-жазушылардың форумында еді. Оған дейін өлеңінен бұрын атын көп естуші едім. Тіпті ол жөніндегі жағымсыз пікірлерді де... Содан кейін де арнайы барып танысқаным жоқ. Араға жылдар салып тағы көрдім. Алматыда. Бұл жолы өзі келіп танысты. Кейін араласа келе әркімнің өз шындығы болатынын түсіндім. Ел жиі айтатын жындылығы тырнақшаның ішіндегі жындылық екен...

Ақындар әртүрлі болады ғой, бірақ барлық ақынның бойында өзгелер түсіне бермейтін не түсінуге тырыспайтын бір еркелік, еркіндік болады емес пе. Сол еркелік пен еркіндікті Маралтай ағамыздың болмысынан байқаймыз... Бірақ ол мағынасыз, ессіз еркелік емес, тереңдік пен биіктіктің өлшеміндегі еркелік. Содан да болар, өлең аспанына «Ақ батпырауығын» ұшырып жүргені. Ешкімнің еркелігін көтермейтін ғасырда балалығын мен даралығын жоғалтып алмай күн кешу де оңай емес болар. Балалығын жоғалтпаған ақындар — ең бақытты ақындар.

Маралтай Райымбекұлының бозбала күнінде-ақ қолтаңбасын қалыптастырып, аты аңызға айналғаны жөнінде жастық шағына куәгер, замандас інілерінен көп естиміз. Сол уақытта қолына қалам ұстаған талай жас ақынның арманын оятып, кеудесіндегі нәзік үміттің жарығын жаққан да Маралтай ағамыз екен...

Осылай ой кешіп отырғанымда, кофем де дайын болды. Тере-

Ол — жай ғана БАТПЫРАУЫҚ

қуған бала...



здегі жаңбыр тамшылары мен нәзік те баяу әуеннің әсерімен Маралтай ақынның ішкі әлеміне үңілдірген кітаптың келесі беттерін парактай бастадым. Ондағы өзіме ұнаған өлеңдері жөнінде де сөз қозғай кетейін.

Бұл жинақтағы жырларда күрделіліктен гөрі қазақы болмысқа тән табиғилық басым. Қарапайымдылығы мен шынайылығы қатар сезілетін жырлардан ылғи да өзін іздеген адамның бейнесін көресін. Бірақ ол өзінің ешқайда жоғалып кетпегеніне өзі сенбейді. Бәлкім, жоғалмағанына көз жеткізу үшін де іздейтін болар. «Мен» атты өлеңінде:

Менің менім қайда кетті,
кім көрді?

Жалғыз кезіп жүрер
болдым түндерді.

Естір болдым естілмейтін үндерді,
Теріп жүрем

көріңбейтін гүлдерді... — дейді. Ақынның экзистенциалық күйін айқын сездіретін бұл өлең саналы адамның жан-дүниесін алай-дүлей етпей қоймайтыны анық. Әлбетте, ең ұлы сапар — адамның өзін іздеу жолындағы сапары. Бірақ өзінді тапқанда не өзгереді? Таппасан ше? Бағыт-бағдары белгісіз шөл далада жалғыз өзі адасқан адамды елестетіп көріңізші. Өзімнің көз алдыма осындай көрініс келді. Бағдар жоқ жерде адам өз ішкі дауысына сүйенеді. Ал ол дауыс алдауы да мүмкін ғой. Әрі қарай айту қорқынышты сияқты...

Сұлтан Раевтың «Жанжаза» романында да бас кейіпкерлер өз шындығын іздеп өздері қайда екенін білмейтін Киелі мекенге жолға шығады, сол шындық өз іштерінде екенін аңғармайды. Шындық деп отырғанымыз кірлемеген, күнәдан пәк өз Жандары еді. Сол жетеудің жаны оны кеш түсінгендіктен де азапқа түседі, жанын кірлетіп алғаны үшін жазаланып жатады. Ал Маралтай Райымбекұлы бұл өлеңде нені іздеп жүргенін біледі. Өзінің бастапқы болмысынан айырылып қалмау жолындағы ізденісі деп түсіндім. Бірінде — шындықты іздеу жолы, екіншісінде — жоғалтудың қорқынышы. Бірақ екеуінің де түпкі сұрағы бір емес пе. Адам өзін таба ала ма?

«Мен» былай қорытындыланады:
Менің менім менен бұрын өлген бе?
Менің менім менен бұрын келген бе?

Мені біреу менен бұрын көмген бе,
Соны білмей, ғазиз жаным шерменде...

Кейде осындай жауабы жоқ сұрақтар жауабының жоқтығымен маңызды сияқты көрінеді. Тағы да Сұлтан Раевтың «Мен дүниені де, адамды да танып білдім деген күні өз жаназанды өзін окисын» деген сөзі еске түседі...

Адамның өзін іздегені — Құдайды іздегені. Ал Құдайды іздеу сапары ешқашан аяқталмайды. Бір қызығы, бұл ұзақ сапар шексіз бола тұра, нүктесі белгісіз бола тұра жолаушысын шаршатқан емес. Алайда санамыз догмаға байланған күні бұл ізденіс мағынасыздыққа, мәңсіздікке айналады.

«Қорқынышты уақыт» өлеңіндегі жолаушының көкірегінде де мәңгіліктің сауалы жатыр.

Ақылым жетпей,
түнгі ойға бойладым,
Құдай да мендей ақын
шығар деп ойладым.

Құдайдың барын,
Құдайдың жоғын білмей-ақ,
Құлдыраң қағып,
құлыншақ болып ойнадым.

Санасы ешбір стандарттарға сыймайтын ақындардың танымындағы Құдай да догмаға сыймайтын шексіздік. Ал дүниеге келген күнімізден өзімізбен бірге жасап келе жатқан сенім мен күмәннің қатар жүруі — заңдылық. «Құдай да мендей ақын шығар» деп ойланудың өзі кездейсоқтық емес. Бүкіл дүниенің Бас ақыны Құдайдың өзі емес пе?!

Меніңше, «Құдайдың барын, Құдайдың жоғын білмей-ақ» ғұ-

Арманына адал бола алмаса онда ол «қанаттын» не керегі бар? Бұл «айқайдың» жаңғырығы алысқа естіліп, қанаты әлсірей бастаған адамды құтқаруға тиіс...

Ал жинақтың тақырыбына арқау болған «Ақ батпырауық» өлеңінде былай дейді:

Көзімді тарс жұмсам —

тұрады бір бала,
Тұрады бір бала тұнжырап мұңдана.
Шет қалған жасынан

ойынға, сауыққа,
Арманын байлаған ақ батпырауыққа.

Балалар ешқашан ақылсыз болған емес. Олардың әлемі үлкендердікінен екі есе бай, үш есе таза. Өйткені олар дүниеге есеп көзімен қарамайды, атақ пен мансаптың не екенін де білмейді. Олар шын жақсы көре алады, сене алады, армандай алады. Ақ батпырауығы бар бала да сондай.

Бұл өлең Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзадасын» еске түсірді. Шығармасында Сент-Экзюпери былай дейді:

«Үлкендер де кезінде кішкентай бала болған, бірақ көбі бұл туралы ұмытып кеткен».

Ал Маралтай Райымбекұлы:
Таныдым мен оны, таныды ол-дағы,
Таныс қой біздерге

тағдырдың жолдары...
Төгіліп, ортайып,

кенеттен толамын,
Сол бала болмаса, мен

қайдан боламын?! — дейді.

Иә, сол бала болмаса, сол бала үлбіреген арманын ақ батпырауыққа байламаса, бұл күнгі Маралтай Райымбекұлы болар ма еді? «Батпырауығы» болмаса кім болар еді?..

«Батпырауық балаға ғана қадірлі. Кітаптың аты неліктен «Ақ батпырауық?» — деп ойланатын шығарсыз. Бәлкім, ол бейсаналы түрде көктен келген ой шығар. Не болса да бекер емес. Менің жүрегімдегі Маралтай аға, сіздер айтатын Кентавр ақын мен үшін жай ғана батпырауық қуған бала.


Кітап парактарын «парасаттан махабатқа» ауыстырдым.

Ол да жүрегі бар адам үшін оңай тақырып емес, әрине. Маралтай ағаның ғашық көңілінен туған өлеңдері де жүрекке салмақ түсірмей қоймайды.

Марина Цветаеваның «Махаббат кедейлік пен тіс ауруынан басқасының бәрін жenedі» деген сөзі бар. Адамдардың бір-біріне деген, әлемге деген суықтығынан жаураған Әлемді, өмір майданында жараланған Сенімді Махаббат құтқарады.

Сүю жырлары талдау үшін емес, сезіну үшін жазылатын болар. Әрине, кателесем. Айтылмай қалған сөзді әдебиетшілерге қалдырайық. Ал менің өлең оқығаннан кейінгі романтикалы көңіл күйіме кофе иісі мен терезедегі жаңбыр тамшылары көрік беріп тұр. Өзімнің де батпырауық қуғым келіп тұрғаны...

Арайлым МҰРАТАЛИЕВА,
ақын, Жазушылар
Одағының мүшесі



мыр кешу ешқандай да қорқынышты емес. Бұл адам болмысының о бастағы еркіндігі, табиғилығы, шынайылығы. Ал шынайылық бар жерде шындық та бар. Бұл өлеңнің нүктесі жоқ, демек нүкте қойылмаған жерде ақынның рухани ізденісі де тоқтамайды.

Лирикалық кейіпкердің ішкі арпалысына толы «Айғай» атты өлеңінде

«Мен кейде айқайлаймын

көкке қарап,

Адамға берілген бе текке қанат?» — деп әлемге сұраулы ой тасталады. Қарапайым ғана көрінгенімен, салмағын сезінген санаға оңай сұрақ емес. Адам баласы Арының алдындағы жауапкершілігін сезіне алмаса, ол да бір қасірет емес пе?!

КӨКЕЙКЕСТІ

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Алматының көркі жаңарғанымен, шаһардың ескі тұрғын үй қоры әлі күнге дейін толық жаңара қойған жоқ. Сырты бүтін көрінгенімен, іші әбден ескірген көпқабатты үйлер қазір қаланың әр ауданында кездеседі. Бүгінде тозығы жеткен мұндай баспанада 43 мыңнан астам тұрғын өмір сүреді. Әсіресе олар жаңбырлы күндері шатырдан су өте ме деп, қыс түссе жылу жүйесі сыр бермей ме деп қауіптенеді.



ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН ТҰРҒЫН ҮЙ ТҰРАҚ БОЛМАС

Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Қала тұрғыны Әсем Сапарова осыған дейін Алматы ауданындағы Тастақ шағын ауданында орналасқан бесқабатты тұрғын үйге қоныстанған. Кейіпкеріміз бұл пәтерді екі жылға жуық уақыт бойы паналаған. Әсемнің айтуынша, күн суыта бастағанда үйдің ескіргені анық байқалатын.

— Қыс мезгілінде қабырғадан суық тез өтеді. Сондықтан кейбір көршілеріміз жылуды сақтау үшін үйдің сыртқы қабырғасын қаптатуға мәжбүр болды. Біз тұрған пәтердің іші ылғалды әрі салқын болды. Қазіргі жаңа

ескі аудандарында шоғырланған. Статистикаға назар аударсақ, мұндай нысандар көбіне Түркісіб ауданында тіркелген (585 үй). Одан кейінгі орында Бостандық ауданы тұр. Аталған ауданда орналасқан 269 тұрғын үй қайта жаңғыртуды талап етеді. Сондай-ақ Жетісу ауданында — 141, Алматы ауданында — 135, Алатау ауданында — 102, Медеу ауданында — 82 және Әуезов ауданында — 65 ескі тұрғын үй реновация бағдарламасына енгізілген. Ал Наурызбай ауданында реновацияны күткен тұрғын үйлер саны салыстырмалы түрде аз. Мұнда жалпы саны 24 тұрғын үйді қайта жаңғырту көзделген.

Биыл реновация бағдарламасы аясында Алматыда 1 165 тұрғынды жаңа баспанаға көші-

ныздырақ. Оның дерегінше, 2026 жылғы жағдай бойынша Алматыда 1 403 тозығы жеткен көппәтерлі тұрғын үй бар болса, бұл шамамен 14 450 пәтер деген сөз. Ал 2021 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан бағдарлама аясында жаңа баспананың кілті 1 752 меншік иесіне табысталған. Тек өткен жылдың өзінде жоспар толық орындалғанымен, оның аясында 670 отбасы жаңа пәтерге қол жеткізді. Сарапшының пікірінше, бұл қаладағы нақты сұраныс пен реновация қарқынының арасында әлі де айтарлықтай алшақтық бар екенін аңғартады.

— Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, реновацияға енгізілген барлық тұрғын үйдің жағдайы мен орналасу деңгейі бірдей емес. Мәселен, 1 403 үйдің 71-і қала құрылысының «қызыл сызығында» орналасқан, яғни олар жол немесе өзге де инфрақұрылымдық жобаларға арналған аумақта тұрғанына байланысты кешенді кварталдық реновацияға енгізілмейді. Одан өзге 255 тұрғын үй нүктелік құрылыс үшін ғана жарамды. Оларды толық квартал ретінде қайта дамыту мүмкін емес. Соның нәтижесінде инвесторлар үшін экономикалық тұрғыдан тартымды нысандар саны 1 077 үймен шектеледі. Ал қалғаны

лынған 10 525 тұрғын үй тіркеліп, олардың шамамен мыңы бұзуға ұсынылған. Алайда содан бері мегаполис бойынша толыққанды қайта тексеру жүргізілмеген.

— Қазіргі Құрылыс кодексінің «тозығы жеткен» және «апатты» тұрғын үйлердің құқықтық мәртебесі нақты ажыратылған. Соған қарамастан, жергілікті атқарушы органдар барлық ескі үйді жедел техникалық сараптамадан өткізуге міндеттелмеген. Соның салдарынан көптеген тұрғын үйдің нақты мәртебесі анықталмай, мыңдаған адам белгісіздік жағдайында өмір сүріп келеді. Онымен қоса, реновация жобаларының жоғары құны мен оның күрделілігі бағдарлама қарқынын тежейтін тағы бір фактор деуге болады. Бір ғана кварталды жаңғыртуға 5 миллиард теңгеден астам инвестиция қажет. Бұған қоса, тұрғындармен келіссөз жүргізу де ұзақ уақыт алады. Тәжірибе көрсеткендей, бір квартал бойынша барлық меншік иелерімен ортақ келісімге келу сегіз айдан үш жылға дейін созылуы мүмкін. Себебі әр отбасының тұрғын үйге қатысты өз талабы мен құқықтық жағдайы бар, — деді Д.Сейітнұрова.

МЫҢДАҒАН ҒИМАРАТТЫҢ МЕРЗІМІ ӨТКЕН

Алматының сейсмикалық аймақта орын тепкен шаһар екенін ескерсек, 1960-1980 жыл-

кезінде негізгі жүктеме дәл сол жерге түседі. 1981 жылға дейін, яғни сейсмикалық талаптар күшейтілгенге дейін салынған кейбір үйлерде панельаралық жіктердің тозу фактілері тіркелген. Алайда бұл мәселенің күрделі тұсы да сол, оның сырт көзге бірден байқалмайтындығында. Ғимараттың қасбеті бүтін болғанымен, оның негізгі конструкцияларының жағдайы тұрғындарға әрдайым анық көріне бермейді. Сонымен бірге Алматының климаттық ерекшеліктері де тұрғын үйлердің техникалық жағдайына әсер етеді. Маусымдық температура айырмашылығы салдарынан жылу жіктерінің тығыздағыш материалдары уақыт өте келе бұзылып, кейіннен ол қабырғаларда ылғалдың жиналуына, ал конструкция ішіндегі арматураның коррозияға ұшырауына әкелуі мүмкін, — деді ол.

Тірек конструкциялардың нақты жағдайын зерттемей жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары мәселенің толық шешімі бола алмайды. Сарапшының айтуынша, ғимараттың қауіпсіздігі туралы нақты қорытынды тек әр тұрғын үйге жүргізілген жеке техникалық сараптама нәтижесінде жасалуға тиіс.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН ЖАҢҒЫРТУҒА ШАМАМЕН 21-22 ЖЫЛ ҚАЖЕТ БОЛАДЫ

Егер реновация қазіргі қарқынмен жалғаса берсе, Алматыдағы тозығы жеткен тұрғын үйлерді толық жаңартуға шамамен қанша уақыт қажет? Тұрғындар жаңа пәтерге жақын уақытта қол жеткізе ала ма? Сарапшының есебінше, қазіргі көрсеткіш сақталған жағдайда, бұл процесс бірнеше онжылдыққа созылуы мүмкін.

— Қалада жаңартуды қажет ететін шамамен 14 450 пәтер бар. Ал 2025 жылғы көрсеткіш бойынша бір жылда 670 отбасы жаңа баспанаға көшкен. Осы қарқын өзгермесе, барлық тұрғын үй қорын жаңғыртуға шамамен 21-22 жыл қажет болады. Бұл мерзім реновация бағдарламасының белгіленген 2030 жылға дейінгі жоспарымен сәйкес келмейді, — деп сөзін қорытындылайды Qazaq Expert Club сарапшысы Дилара Сейітнұрова.

Десек те, бұл есептік болжам екенін ескерген жөн. Сарапшының пайымын түйіндесек, қазіргі қарқын сақталған жағдайда барлық тұрғынның жақын арада жаңа баспанаға қол жеткізуі екіталай.



үйлермен салыстырғанда жылуы әлсіз болғандықтан, үй ішінде жеңіл киініп жүру мүмкін емес еді. Дегенмен бір жақсысы, жазда үйдің іші қатты ысып кетпей, қоңыр салқын болып тұратын, — деді тұрғын.

«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы берген ақпаратқа сүйенсек, қазіргі уақытта қалада қайта жаңғыртуды қажет ететін 1 403 ескі көпқабатты тұрғын үй бар. Бұл нысандар 2030 жылға дейін жүзеге асырылатын тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасына енгізілген. Жоба аясында 1930-1980 жылдар аралығында бой көтерген, екі қабатқа дейінгі тозығы жеткен әрі апатты тұрғын үйлер кезең-кезеңімен жаңартылады. Бұдан бөлек, инженерлік желілері ескірген жеке тұрғын үйлерді, сондай-ақ өндірістік, коммерциялық және қоғамдық мақсаттағы ғимараттарды қайта жаңғырту жоспарланған.

Ресми дерекке сәйкес, қайта жаңғыртылуға тиіс тұрғын үйлердің басым бөлігі қаланың

ру қарастырылған. Қоныс аудару «бөлме үшін бөлме» қағидаты негізінде жүзеге асады. Бағдарлама талаптарына сәйкес, егер азамат көшу туралы ұсыныстан бас тартқан жағдайда жауапкершілік тұрғынның өзіне жүктеледі.

БЫЛТЫР ҚАНША ОТБАСЫ БАСПАНАҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ?

Мегаполисте жыл сайын реновация бағдарламасы аясында белгілі бір көлемде тұрғын үйлер жаңартылып жатыр. Соған қарамастан, қалада әлі күнге дейін ондаған мың адам пайдалану мерзімінен асқан баспанада тіршілік кешеді. Шаһарда неліктен ескі тұрғын үйлердің саны әлі де көп? Бұл мәселенің шешілмеуіне әсер етіп отырған негізгі жүйелік факторлар қандай? Qazaq Expert Club сарапшысы, құрылыс саласының маманы Дилара Сейітнұрованың сөзінше, реновация бағдарламасының нәтижесін бағалағанда жоспардың орындалу көрсеткішінен гөрі нақты қажеттілікке назар аудару ма-

Жоба аясында 1930-1980 жылдар аралығында бой көтерген, екі қабатқа дейінгі тозығы жеткен әрі апатты тұрғын үйлер кезең-кезеңімен жаңартылады.

бизнес логикасына сай келмейді. Бұл аумақтарда жер көлемі жеткіліксіз, шығыны жоғары әрі коммерциялық қайтарымы төмен. Сондықтан мұндай жобаларға жеке инвесторлардың қызығушылығы аз. Егер мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсетілмесе, бұл үйлер реновация кезегінде ұзақ уақыт қалып қоюы ықтимал, — деді Д.Сейітнұрова.

Реновация бағдарламасының қарқынына әсер етіп отырған тағы бір мәселе — тұрғын үйлердің нақты техникалық жағдайының белгісіздігі. Сарапшының мәлімдеуінше, қалада соңғы кешенді техникалық паспорттау 2017-2018 жылдары жүргізілген. Сол кезде кеңестік кезеңде са-

дары салынған тұрғын үйлердің қазіргі қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі — алаңдатарлық мәселе. Сарапшының бағалауынша, бұл кезеңде бой көтерген нысанның барлығы сейсмикалық талаптарға толық жауап береді деп кепілдік беру мүмкін емес. Осы жылдар аралығында салынған үйлердің басым бөлігі панельді конструкцияға жатады. Олардың жобалық пайдалану мерзімі шамамен 50-60 жылға есептелген. Қазіргі кезеңде көптеген ғимарат бұл межеден әлдеқашан асып кеткен.

— Панельді үйдің «сейсмикалық мінез-құлқы» кірпіш үйден мүлдем басқа. Мұндағы негізгі осал тұс — панельдер арасындағы көлденең жіктер. Жер сілкінісі

СЕРПІН

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

ҚАПШАҒАЙДАҒЫ

«ФОРМУЛА-1» ДҮБІРІ

Әлемге әйгілі судағы «Формула-1» – F1H2O жарысы алдағы бес жыл бойы Қапшағай су қоймасында өтуі мүмкін. Халықаралық деңгейдегі ауқымды спорттық жобаның ұйымдастырушылары арнайы Алматы облысына келіп, өңір басшысы Марат Сұлтанғазиевпен кездесті. Келіссөздер қорытындысы бойынша әлемдік F1H2O ұйымы, iHolding компаниясы, Сауд Арабиясынан келген ресми делегация өкілдері және Алматы облысының әкімдігі 2027 жылғы әлем чемпионатының кезеңін Қонаев қаласында өткізу туралы келісімге қол қойды.

Бұл келісім Қазақстанның халықаралық спорт кеңістігіндегі беделін арттыратын маңызды қадамдардың бірі болмақ. Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі таратқан мәліметке сәйкес, еліміз F1H2O әлем чемпионатын қабылдайтын алтыншы мемлекет атанғалы отыр. Мұндай мәртебелі жарыстың Қазақстанда ұйымдастырылуы елдің ірі халықаралық іс-шараларды өткізуге қабілетті екенін тағы бір мәрте көрсетіп отыр.

F1H2O — жылдамдықты, жоғары техникалық шеберлікті және батылдықты талап ететін әлемдегі ең танымал су-мотор спорты жарыстарының бірі. Су бетімен аса жоғары жылдамдықта жүйтікпен болидтер арасындағы бәсеке көрерменге ерекше әсер сыйлайды. Мұнда спортшының кәсіби дайындығымен қатар, техниканың қуаты, команданың үйлесімді жұмысы және әрбір шешімнің дәлдігі шешуші рөл атқарады. Сондықтан аталған чемпионатқа арнайы дайындықтан өткен кәсіби командалар ғана қатыса алады.

Алдын ала болжам бойынша, жарысты тамашалау үшін Қазақстанға шетелден кемінде бес мың қонақ келеді. Олардың қатарында спортшылар, командалардың техникалық мамандары, халықаралық ұйым өкілдері, журналистер, туристер мен жанкүйерлер болады. Жергілікті тұрғындар мен еліміздің өзге өңірлерінен келетін көрермендерді қосқанда, бұл көрсеткіш бірнеше есе артуы ықтимал. Сондай-ақ ұйымдастырушылар жарыстың телевизиялық және цифрлық платформалар арқылы әлемнің көптеген еліне тікелей көрсетілетінін атап өтті. Соның нәтижесінде, Қазақстанның табиғаты, туристік әлеуеті мен инфрақұрылымдық мүмкіндіктері кең аудиторияға таныстырылады.

Алматы облысы әкімі Марат Сұлтанғазиев өңірдің ірі спорттық жобаларды өткізу тәжірибесіне тоқталып, Қапшағай су қоймасының халықаралық жарыстар ұйымдастыруға қолайлы екенін атап өтті.

«Сауд Арабиясы спорт саласында әлемдегі ең үздік жобаларды іске асырып келеді. Бұл белсенді демалысты дамытып, саламатты өмір салтын ұстануға септігін тигізеді. Жыл сайын Қапшағай су қоймасында Tengri Ultra марафоны мен Oceanman ашық суда жүзу жарысы өткізіледі. Бұдан бөлек,



республикалық деңгейдегі түрлі жарыс ұйымдастырылып келеді. Мұндай халықаралық шаралар туризмді дамытып, өңірдің өркендеуіне жол ашады. Сондықтан біз бұл жобаны бірлесіп іске асыруға дайынбыз», — деді Марат Елеусізұлы.

Шын мәнінде, Қапшағай су қоймасы бұған дейін де бұқаралық спорт пен белсенді туризмнің маңызды орталығы ретінде танылып үлгерді. Мұнда жүзу, жүгіру, триатлон және су спортына қатысты әртүрлі жарыс тұрақты түрде ұйымдастырылады. Ал F1H2O чемпионатының өткізілуі өңірдің спорттық мүмкіндіктерін жаңа деңгейге көтеріп, Қонаев қаласын халықаралық жарыстар картасына енгізуге жол ашады.

KSA ProMediaPortal және F1H2O ұйымдарының өкілі әрі басқарма төрағасы Яссер Әли Әл-Ямидің айтуынша, қазір чемпионатқа 11 мемлекет қатысады. Бұл — техникалық және ұйымдастырушылық талаптары өте жоғары күрделі жарыс. Сондықтан оған тәжірибесі мол, арнайы іріктеуден және кәсіби дайындықтан өткен командалар ғана жіберіледі.

Жарысты ұйымдастыру кезінде көрермендер мен қатысушылардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінбек. Арнайы қоршалған аумақтар, медициналық және құтқару қызметтері, жарысты басқару орталығы, командалардың техникалық дайындығына арналған орындар мен медиа орталық құрылуы жоспарланған. Сонымен қатар мәртебелі қонақтарға арналған VIP-аймақтар, демалыс орындары және жанкүйерлерге қолайлы көрермен алаңдары қарастырылады.

Чемпионат тек спорттық сыйыспен шектелмейді. Ұйымдастырушылар жарыс өтетін аумақта отбасылық демалысқа арналған кеңістік құруды жоспарлап отыр. Онда Қазақстанның мәдениеті мен ұлттық дәстүрлері таныстырылып, колөнер бұйымдары, ұлттық тағамдар мен кәдесыйлар ұсынылады. Бұл шетелдік қонақтарға қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, өнерімен және қонақжайлылығымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді.



ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

«Бүгінде Сауд Арабиясы мен Қазақстан арасында берік ынтымақтастық орнаған. Біз Алматы облысының даму көрсеткіштерін зерттеп, оның болашағы зор екенін көрдік. Алдағы уақытта бұл аймақ халықаралық бизнес орталығына айналады деп сенеміз», — деді ол.

Халықаралық жарыстың Қонаев қаласында өткізілуі өңір экономикасына да серпін бермек. Мындаған туристің келуі қонақүй, қоғамдық тамақтану, көлік, сауда және қызмет көрсету салаларына қосымша табыс әкеледі. Жергілікті кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашылып, жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар жол, байланыс, қауіпсіздік және турис-

өтетін қала ғана емес, су-мотор спортының тұрақты халықаралық орталығына айналады. Бұл өз кезегінде аймақтың туристік маусымын ұзартуға, шетелдік қонақтардың санын арттыруға және қаланың халықаралық танымалдығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге чемпионат жас казакстандықтардың су спортына қызығушылығын арттырып, жаңа спорт мектептері мен үйірмелерінің ашылуына ықпал етуі мүмкін. Мұндай жарысты көзімен көрген балалар мен жасөспірімдер спорттың осы түрімен кәсіби түрде айналысуға ынталанады. Ал бұл болашақта Қазақстанда су-мотор спортының дамуына және отандық командалардың қалыптасуына негіз болмақ.

Қонаев қаласының Алматыға жақын орналасуы да чемпионатты ұйымдастыруда үлкен артықшылық береді. Халықаралық әуежай, көлік жолдары, туристік нысандар мен табиғи демалыс аймақтарының болуы қонақтарды қабылдауға қолайлы жағдай жасайды. Қапшағай су қоймасының кең айдыны мен жағалау аумағы жарысты техникалық және көрермендік тұрғыдан жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік береді.

Демек, алдағы бес жыл ішінде Алматы облысына әлемнің түкпір-түкпірінен спортсүйер қауым ағылып, Қонаев туристер үздіксіз келетін ірі орталыққа айналуы



тік инфрақұрылымды жаңғыртуға қажеттілік туындайды.

Мұндай ауқымды іс-шаралар өңірге инвестиция тартуға да он әсер етеді. Халықаралық компаниялар мен спорт ұйымдарының Қонаевқа назар аударуы жаңа серіктестік жобалардың жүзеге асуына жол ашуы ықтимал. Әсіресе туризм, қонақүй бизнесі, демалыс индустриясы, логистика және спорт инфрақұрылымы салаларында жаңа бастамалар қолға алынуы мүмкін.

Жарыстың бес жыл қатарынан Қапшағай су қоймасында өткізілуі жүзеге асса, Қонаев бір реттік шара



Халықаралық жарыстың Қонаев қаласында өткізілуі өңір экономикасына да серпін бермек. Мындаған туристің келуі қонақүй, қоғамдық тамақтану, көлік, сауда және қызмет көрсету салаларына қосымша табыс әкеледі.

Жарыс күндері түрлі мәдени және ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылып, көрермендерге мерекелік көңіл күй сыйламақ. Балаларға арналған алаңдар, көрмелер, концерттік бағдарламалар мен шығармашылық қойылымдар өткізу жоспарланып отыр. Ал чемпионаттың жабылу салтанатында әлемге танымал өнер жұлдыздарының қатысуымен ауқымды гала-концерт ұйымдастыру көзделген.

Яссер Әли Әл-Ями Сауд Арабиясы мен Қазақстан арасындағы

Айна ХАСАН

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНДАР ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАДЫ

Шымкентте қоршаған ортаның жағдайын жақсарту, тұрмыстық қалдықтарды тиімді басқару, заңсыз қоқыс орындарының алдын алу және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Шымкент қаласы бойынша Экология департаментінің басшысы Ермахан Қозыбаев жыл басынан бері атқарылған жұмыстарды қорытындылап, экологиялық бақылау, атмосфералық ауа сапасы, қалдықтарды басқару және тұрғындардан келіп түсетін өтініштер бойынша атқарылған жұмыстардың негізгі нәтижелерін таныстырды.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

573 ҚОҚЫС АЛАНШАСЫ БАР

Жыл басынан бері қала аумағындағы рұқсат етілмеген қоқыс орындарын анықтау және жою мақсатында аудан әкімдіктерімен бірлесіп бірқатар мониторингтік және рейдтік іс-шара өткізілді. Нәтижесінде, төрт ауданнан 20 заңсыз қоқыс үйіндісі анықталып, сәуір-мамыр айларында олардың барлығы толық тазартылған. Заңсыз қоқыс орындарын анықтау жұмыстары Ғарыштық мониторинг арқылы да жүргізілуде. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының маусым айындағы мониторингі нәтижесінде қала аумағынан тағы 30 заңсыз қоқыс орны анықталды. Аудан әкімдіктері мен құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысы нәтижесінде аталған аумақтар толық тазартылып, атқарылған жұмыстар туралы мәліметтер арнайы ақпараттық порталға енгізілді.

«Қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару саласында да бірқатар оң көрсеткіш бар. Жылдың алғашқы алты айында Шымкент қаласының полигонына 121 мың тоннадан астам қалдық қабылданған. Оның ішінде 43,9 мың тонна қалдық сұрыптауға жіберіліп, қайта өңдеуге бағытталған қалдықтардың үлесі 36,2 пайызды құрады. Қазір қалада 573 қоқыс алаңшасы және 3 070 контейнер жұмыс істейді. Қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін қалыптастыру мақсатында пилоттық жоба аясында төрт мекенжайда заманауи үлгідегі қоқыс алаңшалары іске қосылды. Әр алаңша сегіз контейнермен жабдықталған. Оның бесеуі тұрмыстық қалдықтарға, ал үшеуі қағаз, пластик, шыны және алюминий секілді қайта өңделетін қалдықтарды бөлек жинауға арналған», — деп атап өтті департамент басшысы. Ол бұл тәжірибені кеңейту мақсатында алдағы уақытта қала аумағында тағы 100 заманауи қоқыс алаңшасын орнату жоспарланып отырғанын жеткізді.

Брифингте экологиялық мәселелерді шешуде тұрғындармен тұрақты кері байланыс орнатуға да ерекше мән беріліп жатқаны айтылды. Жыл басынан бері Еңбекші және Абай аудандарында халықпен кездесулер өткізіліп, атмосфералық ауа сапасы, қалдықтарды басқару, санитарлық тазалық және қоршаған ортаны қорғауға қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Тұрғындар тарапынан көтерілген ұсыныстар мен мәселелер бақылауға алынып, оларды шешу бойынша жауапты мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыстар жүргізілген. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы ағарту жұмыстары да жалғасуда. Жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған «Экологиялық сағаттар» ұйымдастырылып, болашақ мамандарға табиғатты қорғау, қалдықтарды сұрыптау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану

және экологиялық заңнама талаптары түсіндірілді. Сонымен қатар студенттер департамент зертханасында өндірістік тәжірибеден өтіп, ауа, су және топырақ сапасын анықтауға бағытталған зертханалық жұмыстардың барысымен танысты.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ЖҮЙЕСІ

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында эковолонтерлердің қатысуымен бірқатар экологиялық іс-шара ұйымдастырылған. Сондай-ақ Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай балалар үйінің тәрбиеленушілері арасында «Таза болса табиғат — аман болар адамзат» тақырыбында сурет байқауы өткізіліп, үздік жұмыстардың авторлары марапатталды. Экология департаментінің мәліметінше, алдағы кезеңде қалдықтарды басқарудың заманауи жүйесін одан әрі дамыту, заңсыз қоқыс орындарының пайда болуына жол бермеу, қоршаған ортаға жүргізілетін бақылауды күшейту және тұрғындардың экологиялық жауапкершілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.



Шымкент қаласы бойынша Экология департаментінің баспасөз конференциясында қоршаған ортаны қорғау бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен қатар, экологиялық заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше назар аударылды. Брифингте департаменттің мемлекеттік экологиялық бақылау нәтижелері таныстырылып, талаптарды бұзған кәсіпорындарға қатысты қабылданған шаралар жарияланды.

БІРҚАТАР КӘСІПОРЫНҒА ШАРА ҚОЛДАНДЫ

2026 жылдың алғашқы алты айында департамент тарапынан қала аумағында 29 тексеру жүргізілді. Оның ішінде 15 профилактикалық бақылау, 12 жоспардан тыс тексеру және 2 талаптарға сәйкестігін тексеру ұйымдастырылды. Бақылау нәтижесінде 39 әкімшілік іс қозғалып, жалпы сомасы 91,3 миллион теңге көле-



мінде айыппұл салынды. Оның 72 миллион теңгесі мемлекет кірісіне өндірілді. Сонымен қатар анықталған заңбұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлік субъектілеріне 29 нұсқама берілді. Экологиялық талаптарды сақтамаған бірқатар кәсіпорындарға қатысты қатаң шаралар қабылданды. Атап айтқанда, атмосфералық ауаға рұқсатсыз немесе белгіленген нормативтен тыс шығарындылар шығарғаны үшін Rock Minerals ЖШС-ға 17,6 миллион теңге, ал Polymetech ЖШС-ға 63,9 миллион теңге көлемінде айыппұл салынды. Бұдан бөлек, сот шешімі негізінде «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС, «Rock Minerals» ЖШС және Polymetech ЖШС қызметі уақытша тоқтатылды. Экологиялық рұқсатсыз қызмет атқарғаны анықталған DIP TRANS LOGISTICS ЖШС

Атмосфералық ауаның жай күйін бақылау қаладағы жеті бекет арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар «ПКОП», «Стандартцемент», «Шымкентцемент» және «3-Энергоорталық» кәсіпорындарында автоматтандырылған экологиялық мониторинг жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйелер өндірістік шығарындыларды онлайн режимде бақылауға мүмкіндік береді. Автокөліктерден шығатын зиянды шығарындыларды азайту мақсатында Полиция департаментімен бірлесіп рейдтік іс-шаралар да ұйымдастырылды. Нәтижесінде, 49 автокөлік тексеріліп, оның 10-ынан белгіленген нормадан жоғары зиянды шығарындылар анықталды. Осы фактілер бойынша алты жүргізушіге әкімшілік хаттама толтырылды.

КЕЙБІР ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

Экологиялық реттеу бағытында да бірқатар жұмыстар атқарылды. Алғашқы алты айда 37 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, бірінші санаттағы объектілерге экологиялық рұқсаттар беріліп, қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша тиісті қорытындылар дайындалды. Қазір қала аумағында 42 кәсіпорын бірінші, 146 кәсіпорын екінші, 477 кәсіпорын үшінші және 368 кәсіпорын төртінші санаттағы нысандардың қатарына кіреді. Қоршаған орта жағдайын бағалау мақсатында департаменттің зертханалық-талдамалық бақылау бөлімі 43 нысанда зерттеу жүргізді. Осы жұмыстар барысында 634 сынама алынып, 4 мыңнан астам зертханалық талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде Қошқар ата, Карасу және Бадам өзендерінің қала аумағынан өткеннен кейінгі бөліктерінде бірқатар ластаушы заттың мөлшері артатыны анықталды. Мамандардың алдын ала бағалауынша, бұл жағдай ирригациялық жүйелерден ағызылатын төгінділермен және өзен жағалауындағы тұрғын үйлердің кәріз жүйесіне толық қосылмауымен байланысты болуы мүмкін.

Департамент өкілдері брифинг барысында қоршаған ортаға кері әсер ететін факторларды азайту үшін экологиялық бақылау шаралары алдағы уақытта да күшейтілетінін атап өтті. Заң талаптарын бұзған кәсіпорындарға қатысты тиісті әкімшілік және құқықтық шаралар қабылданып, атмосфералық ауа, су ресурстары мен қалдықтарды басқару бағыттарындағы мониторинг жұмыстары жалғаса береді.



ОЙБАЙ, ЖІБЕРЕ САЛ!

Шілде. Күн тас төбеде шақырайып тұр. Жер-көктің барлығы өртеніп жатқандай. Адамдар демалғанда ауа емес, жалын жұтқандай болады. Дені түзу адамдардың барлығы мұндайда салқын бөлмелерде, жағажайда жатады. Түк таппағандары қалың ағаш көлеңкесінде саялайды.

Осындай ми қайнағарлық ыстықта ұлан жолдың бойында ала таяғың шошандатып жол-көлік полициясының қызметкері тұр. Түріне қарасаң, жылағың келеді. Одан «мына аптап ыстықта неге тұрсың?» деп сұрағың келеді. Өйткені өн бойын тер басып кеткен. Қолындағы дәсорамалы малмандай су болыпты. Әлгі жол сақшысы дәсорамалын сығып қалғанда бір шелек тер жерге төгіледі.

Әне, ол жүк көлігін тоқтатты. Ауыр жүк көлігінің жүргізушісі Мәдениет институтын тауысқан ба, аса бір мейірімділікпен мәдениетті жылы жымиып қолын алғанда жол сақшысының көзі жыпылықтап кетті. Оның бармақтарының арасында бір уыс теңге қалып кеткен еді. Жол сақшысы жүргізушіге бір ауыз тіл қатқан жоқ. Қолын шоқтай қарып бара жатқан теңгені көлігіне тыққыштап, өзімен өзі болып кетті.

Міне, ол тағы бір көлікке «тоқта!» деп белгі берді. Құйғытып келе жатқан көлік жол сақшысын қағып кете жаздап барып, зорға тоқтады.

— Әй, сен өзі, былай, ішіп алғаннан сауымысың? Қане, құжаттарыңды көрсет! — деп ақырды ол кабинадан созбалаңдап түскенге.

— Сен мені танымадың ба? Мен әкімдікте істейтін жауапты маман боламын. Ал сен мені негізсіз тоқтатасың. Бұ қалай? — деді тәттіректеп тұрған жүргізуші.

— Көке! Әкімдікте істемек түгілі, одан да жоғары жерде істесеніз де сізді жазалауға тура келеді. Өйткені рульге ішіп алып отыруға болмайды.

— Ненің болатынын, ненің болмайтынын мен саған көрсетейін.

Мас жүргізуші жол сақшысын ұрып жіберердей түйіліп келіп, жалт бұрылды. Жол сақшысы телефонымен әлдекімге хабарласып жатты.

— Жолдас бастық. Бір масты тоқтаттым. Өзі әкімдікте жұмыс істеймін дейді. Не істеу керек?

— Қарай гөр өзін? Дерев көлігін айып тұрағына жеткіз. Өзін бөлімге әкеліп тапсыр.

— Құп! Орындаймыз, бәсеке!

Жол сақшысы ішімдік ішіп көлік руліне отырған әкімдіктің әйдік қызметкерін тиісті орынға тапсырып, белгіленген жерге қайтып оралды. Міне, тағы бір тентекпен жағаласып тұр.

— Әй, мені білмейсің бе? Осыдан қара да тұр, көзіңе көк шыбын үймелетпесем, Біржан атым құрып кетсін! Мен қалалық прокуратурада жұмыс істейтін Біржан деген дөй қызметкермін. Сендейлердің талайын көргенмін, — деп дүрсе қоя берді көлік иесі.

Жол сақшысы тағы да бастығына жүгінді.

— Жолдас бастық! Мұнда біреу прокуратурадамын деп өкірендеп тұр. Не істейін?

— Прокуратурада істемек түгілі, одан жоғарысында болса да, аяма. Жазасын бер! Тәртіп керек, тәртіп!

— Құп, болады, жазалаймыз.

Тағы бір сағат өткенде жол сақшысы және бір күдікті көлікті тоқтатты.

— Жын қуғандай неге безектеп келесіз?

— Асығыс шаруам бар еді.

— Бүгінде кімнің асығыс шаруасы жоқ дейсің? Жол жүру ережесін бұздыңыз. Айыппұл төлейсіз.

— Мен Тәшім Тайлақ деген қалалық соттың судьясы боламын. Сенбесен, бастығыңнан сұра.

— Жолдас бастық! Мұнда Тәшім Тайлақ деген судья тұр. Сізді жақсы танимын дейді. Өзі рұқсат етілмеген жерде көлік жылдамдығын шамадан тыс асырды. Өзі ұрттап алаған ба, ауызынан арам қатқан иттің иісі шығады.

— Аяма! Жазала! Он бес тәулікке қамат.

— Құп болады, жолдас бастық!

Жол сақшысы тағы бір тентіреп жүргенді тосып алды.

Қолында микрофоны бар бұл неме де удай мас еді. Көлігінен түскеннен жол сақшысын балағаттап, айтпаған сөзі қалмады.

— Ішіп алып көлік тізіндегенсіз. Оның үстіне мемлекеттік қызметкерді балағаттап тұрсыз. Сізге шара көреміз, — деді жол сақшысы.

— Өлө! Маған шара көретін сен кім едің өзі? Білсен, Баха деген блогер мен боламын. Өзінді бастығыңмен қосып қызметтеріңнен қууға шамам келеді. Тұр былай жолымнан. Тұмар сияқты аяққа оратылған осылардан-ақ көресіні көріп біттің қой.

Блогер тас-талқан болып ашуланды. Жол сақшысы тағы да бастығына қоңырау шалды.

— Жолдас бастық! Мұнда біреу Баха деген блогер мен боламын деп бізді қырып-жойып барады. Не істеуім керек?

— Ойбай! Блогер болса, жолама, жібере сал. Ертең қыр соңымызға түсіп алып, бәле болар.

Блогер Баха жалғанды жалпағынан басып кетіп бара жатты. Жол сақшысы күнің астында бығып қала берді.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ТҮГЕЛБАЙДЫҢ ТҮКІРІГІ

Ырғызда нағашым тұрады. Шешемнің жан дегенде жалғыз інісі. Әкімшіл емікте қызмет жасайды. Түнде үйге телефон соғыпты. Ақтөбеде тұратын біреудің түкірігін сұрапты. Оны естіген шешем шошып кетті. «Жалғыз інім ақылынан алжасып кеткен бе?» деп таң атқанша уайымдады. Ертелеп бір адам есік қағып тұр.

Нағашым Алпысбай екен.

— Ассалаумағалейкум, хош келдіңіз, үйге кіріңіз.

— Тысс, уағалейкумассалам ақ жиен, ішке кіретін уақытым жоқ, көлігің жүріп тұр ма? — деді аузын қолымен басып. Кешегі телефон арқылы айтқан әңгімесінен соң, күдіктене бастадым. Сау адам түкірік сұрамайды ғой.

— Нағашым, тым асығыс екенсіз? Төрдегі жалғыз апанмен амандаспайсыз ба? — дедім күліп. Үйде кәрі жездесі бар, менің әкемді айтамын.

— Ойбай, асығыспын кейін, — деп мені қолымнан сүйреп сыртқа шығарды.

— Ешкімге айтпаймын деп, уәде берші, — деді нағашым киылып.

— Аманшылық па?

— Уәде бересің ба?

— Жарайды, бірақ ауыз жабатын бірдене бола ма? — дедім калжыңдап.

Түрі әбіржіп шаршап кеткен. Түнімен түнгі клубта жүрген бойжеткен сияқты. Тегін жүрмегені көзінен көрініп тұр. Бұрын үйге жарқылдап келетін.

— Үйтілген семіз қой, — деді нағашым құлағыма сыбырлап. Келістім.

Бүгін жексенбі. Үйдегілер әлі төсектен тұра қоймаған еді. Ақырын ауланың қақпасын ашып, нағашым екеуіміз зытып отырдық. Машинада келе жатып, мен «ол бірдене бүлдіріп алды ма?» деп ойлады. «Ауданда майлы жерде отыр еді, біреуден пара алам деп, басы пәлеге қалған шығар?» деген ой шақшадай басымды мазалап жатыр. Бір көшеден өткен соң, нағашым тіл қатты:

— Сені танымайтын адам жоқ, атың жер жарады, — деп бастады әңгімесін.

«Еее» дедім ішімнен, айтқаным келді. «Сот пен прокуратурадан танысың бар ма?» деп сұрайын деп тұр ғой мынауын...

— Ақтөбеде Түгелбай деген емшіні танысың ба? — деді сыбырлып. Селк ете қалдым. Жанағы ойларым жан-жаққа қашып кетті.

— Немене, бір жерің ауырып қалды ма? — деп, көліктің тежегішін бастым.

Байғұс нағашым жаман ауруға тап болған ғой, бәсе үйге кірмеуі жаман еді. Жалғыз апасының көңілін түсіргісі келмеген екен.

Менің нағашым қандай азамат! — деп қатты аядым. Көзімнен домалап жерге бір тамшы жас ағып түсті.

— Ауру емеспін, денім сау, — деді ол. Қуанып кеттім. Жаман ойларымды дереу шашыратып жібердім. Көліктің жылдамдығын қайта көбейттім.

— Денің сау болса, емші не керек? — дедім жұлып алғандай.

— Ойбай, біздің ауданға жана әкім келді. Ол қолынан іс келмейтін жалқауларды тыркыратып қуып жатыр.

— Сіз жұмысты жақсы жасайсыз ғой, — дедім көңілін жұбатып.

— Жоқ, дегенмен амалын жасауым керек.

— Ол қандай амал?

— Ақтөбеде Түгелбай деген емші бар екен, сол кісінің түкірігі себеп болады дейді.

— Қалайша?

— Жұмыс орның сақталады, — деді нағашым жымыып.

Түгелбай туралы естігенім бар еді, таныстарыма телефон шалып мекенжайын әрең тауып алдым. Сүйтсек, мұнда кезек күткендер көп екен.

Соңы болып біз тіркелдік. Алдымызда жүзден аса адамдар бар. Мені көріп кейбір адамдар тани бастады.

— Мына жігіт әртис бала ғой, театрдың директоры, — деді көзілдірік киген бір көлемді апай. Түрі кеңседе жасайтын адамға ұқсайды.

— Бұл бейшара да Түгелбайға түкіртейін деп, келген шығар. Жакында мәдениеттің басшылары ауысыпты, — деп кезекте тұрғандар шулап кетті.

— Атақты жұлдыз болсаң да кезексіз аяқ баспайсың, — деп бір дәу кара кісі жұдырығын түйді. Кескіні біреуді елестетеді. Таныдым. Облыста он бес жыл бір үлкен мекемені басқарып отырған кісі. Маған қарап бедірейіп тұр.

— Кешіріңіздер, мен кірмеймін мына қасымдағы нағашым қаралады, — дедім.

Сол-ақ екен іштен бір адам ухілеп шықты. Оның да жүзі таныс. Бірақ беті түкірік-түкірік. Әкіматта жасайтын адам, әйтеуір. Түгелбай емші дем салғанда бірінші басшының бетіне, қалғандарының артына түкіреді екен. Жан-жағыма анықтап көз жүгіртіп едім, мұнда кезек күтіп тұрғандар қарапайым адамдар емес, өңкей мекеме басшылары мен ауданнан келген мемлекеттік қызметкерлер. Біреулері жұмыс орындарынан қысқарып қалмауы үшін қайта-қайта түкіртіп жатыр. Алыс ауданнан келген бір қызметкердің бетіне түкіргі таусылған

Түкең қақырып жіберіпті. Бірақ ол қызметкер мәз. Орынтағы сақталса болды.

— Бұлардың бәріне бірдене болған, — дейді, Түгелбайдың үйіндегі жеңгей танауын көтеріп. Өзі қарға ауаған түлкідей құлпырып кетіпті. Табыс екі еселеп түсіп жатыр. Келушілердің саны азырақ емес. Үйдің қабырғасына: «Зейнеткер басшылар кезексіз қабылданады» деп іліп қойыпты.

Нағашымның кезегі тізім бойынша енді келгенде, іштен емшінің көмекші қызы шығып:

— Кешіріңіздер, ағайдың түкірігі таусылып қалды, бүгін қабылдамайды деді. Кезекте тұрғандар улап-шулап жылап қоя берді.

— Құдай-ай, зейнетке шығуыма бір жыл қалып еді, орнымнан қозғамаса екен деп келіп едім, енді қайттым, — деп бір әйел дауыс етті. Лауазымды мекемеден келген бес қатын жер тепкілеп жылады. Бір ауданның әкімі осы арада түнеп жатып, бес елі бетіне бес күн түкіртіпті.

— Түгелбайдың түкірігін құртқан осы, — деп барлығы жабыла кетті. Әкім тұра қашты. Қарсы алдымнан бір мектептің директоры шыға келді. Оның да бетінің сау жері жоқ. Аямай түкіртіпті. Қуанышында шек жоқ. Түгелбайдың түкірігіне сенімі мол. Ал менің нағашым болса, түкіріктің таусылып қалғанын естіп, үйдің бұрышында еңкілеп жылап отыр.

— Жыламаңыз, жүріңіз, Түгелбайдың түкірігі жиналғасын өзім ыдысқа түкіртіп Ырғызға беріп жіберемін, — деп әзер көндірдім. Нағашым ауылына кетті. Бір аптадан соң, уәдем бойынша түкірікті жеткіздім. Аудан әкімі қорытынды жиналыста менің нағашымды жұмысына жақсы баға беріп, өз орнында қалдырыпты. Ол қуанғаннан маған семіз қойын сойып, Ырғыздан беріп жіберіпті. Бірақ, шынымды айтсам, ол түкірік Түгелбайдікі емес, менің түкірігім еді. Сонда мен де тегін адам болмадым-ау...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

ДОКТОР ДӨҢБАЕВ

Соңғы жылдары Тағабектің белі бүгіліп, омыртқалары опырылып, жүріп-тұрудан қалды. Сырқаты жанына батқаннан соң дәрігерден дәрігер қалдырмай көрінді. Құдайға шүкір, барлық жерде «Маған келген токсандағы қартты да жиырмадағы жігіттей жүгіртіп жіберемін. Ешкім жаза алмаған ауруды да құм сияқты үгітіп жіберемін. Мен жазбайтын ауру жоқ. Талайлар алдыма келіп, әлі де алғыстарын айтып кетеді. Маған келушілер әпсәтте сауығып, қайтып

— Қазір кезегіңіз келгенде кіресіз, — деп сыпайылық шеңберінен шықпаған мейірбике жөніне кетті.

Обалы не керек, ақ халатты абзал жан Тағабекті орнынан тік тұрып, өзінің қай қызметке де дайын екенін ұқтырып, күлімдеп, аздап астыңғы еріні дірілдеп қарсы алды. Қартты орындыққа жайғастырып, жөн сұрады.

— Иә, ақсақал! Қай жеріңіз мазалап жүр? Қай ағзаңызға шағым айтасыз? — деген дәрігер келушіге жылыұшырай қарады.

— Қарағым, мына қағазда бәрі де жазулы. Дегенмен айтайын. Қаралмаған дәрігерім қалмады. Белде құяң, құлақта шу, қуықта таусылып болмайтын су бар. Түн баласына көзім ілінбейді, өйткені жүрегім трактордың ескі маторындай селкілдеп дірілдейді. Өкпем ауа сормады, сорса қайта шығармайды. Осы кеселімді ешкім ұға алмайды. Ішімде құйындай ұйытқып жүрген жел бар, кейде кекірік болып аузымнан шығады, кейде бомба болып жарылып, басқа бір жерімнен шығады. Бүйрегім бүреді, осы кезде ішімде бұғып жатқан итім арс-арс етіп үреді. Қабырғаларым майысқан, омыртқаларымның орындары ауысқан. Сондықтан жөндеп жүре алмаймын, отырсам тұра алмаймын. Осыған бір дауа табылар деп алдына келіп қалдым, айналайын, — деп Тағабек дәрігерге одыра қарады.

Дәрігер клиентінің мына сөзіне не күлерін, не жыларын білмеді. Күлсе, мазақ қылып тұр деп ашулануы мүмкін. Жыласа, не ойлайтынын Құдайым білсін! Дәрігер састы. Оның медицина саласында алмаған атағы, марапаты қалмаған еді. Бірақ мынадай шұбырпалы ауруды кездестіріп тұрғаны бірінші рет.

— Атын кім, қарағым? — деді кенет алдында отырған сырқат.

Дәрігерге бұл «атаңның басына ойланып отырсың ба?» дегендей естілді. Селк ете қалған ол дереу есін жиып:

— Мені осындағылар Қандауыр Білгішбекұлы деп атайды. Сіз Қандауыр дей берсеңіз болады, — деді.

— Қандауыр қарағым! Атының өзі жан шошырлық екен. Осы мен саған қаралмай-ақ кете берсем деймін.

— Ойбай, ата! Кеткенің несі? Келгеніңіз жаңа ғана. Әлі қаралып та үлгермедіңіз, — деп дәрігер шыр-быж болды.

Тағабек орындығына қайта отырды. Дәрігер оны кереуетке жатқызып, әрі аударып, бері аударып ұзақ қарады. Мандайынан шып-шып тер шықты. Сосын келушіге қарап:

— Ата! Ауруыңыз асқынып кеткен. Омыртқаңыз ауырады екен ғой талайдан. Қабырғаларыңыз қарайған. Беліңізде жел бар. Қуығыңызда сел бар. Ал асқазаныңызда ас қорытудан жарыс өткізіп жатқан бір жебір деген ел бар. Осылармен күресеміз. Ауруларды қуып шыққанша жан аямай тіресеміз, — деп атасына еліктеп тақпақтата жөнелді.

Қарт разы болды. Сол мезетте-ақ оны екі мейірбике қоларбаға салып алып, палатаға ала жөнелді. Жайлы жерге жатқызды. Палатада өзі құрылыптас екі-үш қария жатыр екен. Олардың да сырқаты омыртқа жарығы көрінеді. Ем-дом бәріне де ұнап жатыр. Мейірбикелер зыр жүгіреді. Уколды дер кезінде салады. Укалаулары да бір керемет.

Тағабектің тұла бойы жеңілдеп қалғандай болды. Көңілі көтерілді. Белінің сыздағаны, аяғының мұздағаны басылып қалды. Он күн ем-домын аяқтаған Тағабек үйіне қунақ күйде қайтты. Бірақ арада апта өтпей баяғы тазкепеш күйіне қайта түсті.

Жазған құлда шаршау бар ма? «Пәлен жерде сұмдық білгіш дәрігер бар екен. Алдына барған сырқат құлындай ойнап, шауып кетеді екен» дегенді есітіп, Тағабек тағы да жолға шықты. Бұл жолғы дәрігер де құшақ жая қарсы алды. Он күн тырп еткізбей жатқызып, дындай етіп шығаратынын айтып көсілді. Шабыттанғаны соншама, жалаңаяқ кешіп өткендей болды Есілді.

Тағабек тырп етпей мұнда да он күн ем алды. Жақсылап демалды. Тағы да тәуірленіп қалғандай сезінді. Үйіне қайтты. Осы омыртқасы өз үйін жау көріп қалған ба, тағы да сыздап қоя бермесі бар ма? Төкен тағы доктор іздеп сабылды. Ол алыстан емес, жақыннан табылды. Тағабек бұл жолы да біраз теңгесінен қағылды.

«Жығылған күреске тоймас». Тағабек тағы жолға жиналды. Таяққа сүйеніп зорға жүрсе де талай қаланы аралады. Бір қалаға келгенде маңдайшасына «Доктор

Дөңбаев. Біз барлық аурудың шипасын таптық. Сырқатты бір қарағанда жазамыз. Жаза алмасақ, бастапқы он мың теңгесін қолма-қол қайтарып береміз» деген жарнамасы жер жарып тұрған жеке клиникаға кезікті. Кезікті де бұл клиниканың осал еместігін тез ұқты. Бұдан аттап өту сірә да мүмкін емес еді. Тағабек қулық ойлады. Дәрігердің алдына делсал күйге еніп жетіп барды.

— Қай жеріңіз ауырады?

— Түк те есітіп тұрғаным жоқ, доктор. Каттырақ айтыңызшы.

— Қай жеріңіз ауырады деймін.

— Түк естілмейді. Мен негізі керемін. Осыған еміңіз бар ма?

«Мынаны Құдайдың өзі бізге арнайы жіберіп отыр екен. Мұны қатырайық» деген ой келді дәрігерге. Сөйтті де, «сырқатқа» кете беріңіз дегендей ым қақты. Тағабек есік алдына бара бергенде дәрігер қалтасынан екі жүз теңгелікті алып сонынан лақтырып жіберді. Тағабек жалт қарады.

— Міне, еститін болдыңыз, он мың теңгені алақаныма салыңыз, — деді дәрігер.

— Міне, көрдіңіз бе? Момент иіс сезіп кеттіңіз.

Тағабек тосылды. Он мың теңгесін тастап көзі аларып шығып бара жатты. Ызаға булыққан ол ертесіне ұмытшақ болып келді.

— Доктор! Память кетті память! Қазір естігенімді қазір ұмытып қаламын.

— Түк те емес. Қазір емдейміз. Момент! Мейірбике! Жетінші шыныдағы дәріні әкеліңіз.

— Ой. Ол кешегі нәжіс салынған құты ғой.

— Міне, ұмытшағыңызды емдедік. Есіңізге түсірдіңіз. Ем ақысын төлеп кетіңіз.

Тағабек қираландап жүріп келеді. Жүріп келеді емес-ау, үріп келеді. Мықтылар барлық жерде жекеменшік клиника ашып алған. Оларға адам емдегеннен гөрі теңге сауған дұрыс сияқты. Ол енді кімге барып мұның шағады? Қайда барып ем алады?

Әлден соң Тағабек таяғына сүйеніп, ілбіп келеді. Белі кілт ете қалғанда жол жиегіне қисайып құлап бара жатты...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

кетеді» деген хабарландырулардан, жарнама-лардан аяқ алып жүре алмайсыз, тегі. Әлеуметтік желілерді ашып қарасаңыз да, телеарна алдына отырып, қосқышын басып қалсаңыз да дәреметті дәрігерлердің дауасы алдыңыздан жарқ етіп шыға келеді.

Тағабек тандап жүріп, «осы менің сырқатымды сылып тастайды-ау» деп көңіліне ұнаған бір жеке клиникаға келді. Ойлағандай мейірбикелер алдынан күлімдеп шығып, қолтығынан демеп төрге оздырды. Дәрігерге қаралуы үшін алдымен он мың теңге беруі керек екен, онысын қиналмай-ақ қолдарына ұстатты. Мейірбике қыз жүгіріп барып, кассаға теңгені өткізіп, түбіртеккі қаралушының қолына әкеліп ұстатты.



Тағабек амалсыз қаралғанда төлеген ақшасына қосымша тағы да он мың теңге санап берді. Іші удай ашып тұрып «осыларды қатырмасам ба?» деп ойлады. Ертеңіне ол иіс сезбейтін науқас кейпінде келді.

— Иіс сезбейсіз ғой, ә?

— Иә, түк те сезбеймін, — деді науқас.

— Мейірбике! Жетінші шыныда тұрған дәріні әкеліңіз, — деді дәрігер.

Тағабек оны иіскеп көрді де қатты лоқсыды. Құсып жібере жаздады.

— Тфу, мынауың нәжіс қой.

КҮЛКІ
КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫЛТПАШ

Ат жемейтін,
Ащы шоптің
Шықпағанын,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанын
Шықпағы жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойлады,
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұйла-тұйла,
Салдыр-салақ,
Бұл кім?
Кеп тұр құлақ.

Жып-жисақы,
Тап-таза,

Түп-түзу,
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Мамам
Бапан берді,
Бананды маған бермей,
Оған берді,
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Бананның қазақшасын
«Мәуіз» дейді.

Табанымнан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрін емдеді.

1 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Шабыт» халық музыкасы ансамблі Болгарияның Велико-Тырново қаласында өткен XXVIII халықаралық фольклор фестивалінде Қазақстанның ұлттық музыкалық мәдениетін абыроймен таныстырды.

Аталған фестиваль — Балқан түбегіндегі дәстүрлі мәдениетке арналған ең беделді халықаралық өнер форумының бірі. Ол ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны сақтау жөніндегі ресми серіктесі саналатын Халықаралық фольклор және дәстүрлі өнер фестивалдерін ұйымдастырушылар кеңесінің (CIOFF) және Болгарияның ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының қолдауымен ұйымдастырылды.

Жыл сайын әлемнің үздік фольклорлық ұжымдарын біріктіретін фестивальге биыл Еуропа, Азия, Солтүстік және Латын Америкасының оннан астам елінен өнерпаздар қатысты. Бір апта бойы Велико-Тырново қаласының басты сахналарында концерттік бағдарламалар, шығармашылық кездесулер, ұлттық ұжымдардың шеруі және халықтар арасындағы мәдени диалогты дамытуға арналған іс-шаралар өтті.

Қазақстанның атынан өнер көрсету мәртебесі Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің шығармашылық ұжымы «Шабыт» халық музыкасы ансамбліне берілді.

Ансамбльдің концерттік бағдарламасы қазақ халқының бай музыкалық мұрасын кеңінен таныстыруға арналды. Көрермендерге халық әндері, күйлер және вокалдық-аспаптық шығармалар ұсынылып, қазақтың дәстүрлі орындаушылық өнері мен ұлттық аспаптарының ерекшелігі жоғары деңгейде насихатталды.

Фестивальдің ең әсерлі сәттерінің бірі ансамбльдің болгар тілінде ән орындауы болды. Қабылдаушы елдің мәдениетіне көрсетілген бұл құрмет көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, ұзақ қол шапалақпен марапатталды. Шетелдік көрермендер қазақстандық өнерпаздардың кәсіби шеберлігіне, сахна мәдениетіне және шынайы орындауына жоғары баға берді.

Қазақстандық делегацияның фестивалге қатысуына CIOFF Kazakhstan президенті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Дельфий комитетінің директоры Құралай Түспекова қолдау көрсетті. Ол қазақстандық өнерді халықаралық деңгейде



«ШАБЫТТЫҢ» ШАЛҚЫҒАН КЕШІ



насихаттау және мәдени ынтымақтастықты кеңейту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

Ресми делегация құрамында университеттің Мәдени-бұқаралық жұмыс департаментінің директоры Бақыт Тәжінов те болды. Оның айтуынша, жастардың халықаралық шығармашылық форумдарға қатысуы — Қазақстанның мәдени дипломатиясын нығайтудың маңызды тетігі.

«Халықаралық фестивалдер — халықтарды жақындастыратын, өзара түсіністік пен құрметті қалыптастыратын маңызды алаң. Өнер арқылы әр мемлекет өзінің

тарихын, салт-дәстүрін және рухани құндылықтарын әлемге таныстырады. Біздің студенттер үшін мұндай беделді форумға қатысу — кәсіби тәжірибе ғана емес, Қазақстанның абыройын халықаралық деңгейде лайықты танытуға берілген үлкен жауапкершілік», — деді Бақыт Тәжінов.

Ол университетте жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ерекше мән берілетінін атап өтті.

«Біз болашақ маман өз саласының кәсіби иесі ғана емес, ұлттық мәдени құндылықтарды дәріптейтін тұлға болуға тиіс деп есептейміз. Сондықтан университет шығармашылық ұжымдарға жан-жақты қолдау көрсетіп, олардың халықаралық жобаларға қатысуына барлық мүмкіндікті жасап келеді», — деді ол.



Ансамбльдің концерттік бағдарламасы қазақ халқының бай музыкалық мұрасын кеңінен таныстыруға арналды. Көрермендерге халық әндері, күйлер және вокалдық-аспаптық шығармалар ұсынылып, қазақтың дәстүрлі орындаушылық өнері мен ұлттық аспаптарының ерекшелігі жоғары деңгейде насихатталды.

XXVIII халықаралық фольклор фестивалі тағы да әлемнің түрлі елдерін материалдық емес мәдени мұраны сақтау және халықаралық гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту идеясы аясында тоғыстыратын беделді мәдени алаң екенін дәлелдеді.

Ал «Шабыт» ансамблінің жарқын өнер көрсетуі Қазақстанның ұлттық орындаушылық мектебінің жоғары деңгейін айқын көрсетіп, қазақ мәдениетінің әлемдік мәдени кеңістіктегі лайықты орнын тағы бір мәрте паш етті.

Айзере АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ

ТЕҢІЗДІҢ ТЫЛСЫМ БОЯУЫ

Астанада XIX ғасырдың әйгілі теңіз суретшісі Иван Айвазовскийдің шығармашылығына арналған иммерсивті мультимедиялық көрме ашылды. Экспозиция бейне, музыка және көркем баяндау арқылы суретшінің шығармашылық әлемін ашады.



Lumiere-Hall мультимедиялық музейінің әкімшісі Әнел Шағырованың айтуынша, көрме Айвазовскийдің шығармашылығын заманауи технологиялар арқылы жаңа қырынан таныстырады. Айвазовский — теңіздің табиғатын ерекше сезіне білген суретші. Ол теңізді табиғат аясында отырып емес, жадына сүйеніп бейнелеген. Соның арқасында теңіздің мінезі мен қуатын дәл жеткізе алған екен.

Экспозиция екі залдан тұрады. Бірінші залда Айвазовскийдің картиналары, эскиздері және шығармаларына қатысты ақпарат ұсынылған. Екінші залда туындылар үлкен экрандарда мультимедиялық форматта көрсетіліп, көрерменге иммерсивті әсер сыйлайды. Бейне, музыка және дыбыстық сүйемелдеу біртұтас композиция құрайды. Соның нәтижесінде көрермен өзін теңіздің ортасында жүргендей сезініп, шығарманың эмоциясын толық қабылдай алады.

Мультимедиялық көрсетілім шамамен бір сағатқа созылады. Бағдарламادا суретшінің алғашқы туындыларынан бастап үздік шығармаларына дейінгі жолы мен әлемдік өнерге қосқан үлесі қамтылған.

— Біз оның туған жері, шығармашылығына шабыт берген факторлар және кәсіби шыңға жету жолы туралы баяндаймыз. Бұл — суретшінің өмірі мен шығармашылығын жан-жақты таныстыратын жоба, — деді ұйымдастырушылар.

Иван Айвазовский өмірінде 6 мыңнан астам картина салған. Көрмеде кеңінен танымал туындыларымен қатар, эскиздері мен алғашқы нобайлары да қойылған. Көрме тамыз айының соңына дейін жалғаспақ. Экспозиция күн сайын сағат 11:00-ден 21:00-ге дейін ашық болады.

Музей әкімшілігі бұған дейін өткен Винсент ван Гогтың иммерсивті көрмесін 1 айда 30 мыңнан астам адам тамашалағанын мәлімдеді. Бұл жоба да көрерменнің жоғары бағасына ие болуы мүмкін.

Бұған бөлек, Ұлттық музейде де «Афинадан Астанаға дейін. Владимир Потанин коллекциясындағы Олимпиадалық артефактілер» атты көрме ашылды.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Салтан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербоқыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәнін ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-34, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4770
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,